29 қараша
МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

# АЛАТАУ арайы

Газет тарихы 1918 жылдың маусым айынан басталады

info@alatauaraiy.kz
www.alatauaraiy.kz

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№ 115 (564) // 17 қазан // сенбі // 2026 жыл

● ASTANA MEDIA WEEK – 2026

# ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ КҮШІ – ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕ!



*Астананың Бейбітшілік және келісім сарайында кеше кешкісін Astana media week – 2026 апталығы қорытындыланды. Әлемдік ақпарат құралдарының жетекшілері мен журналистері шақырылған ауқымды медиафорум үш күнге созылды. Жаһанның бар тілшісі бетпе-бет келіп отырған сын-қатерлер мен жаңа мүмкіндіктер талқыға түскен ауқымды форумда журналистиканы цифрландыру, ақпарат саласына денден енген жасанды интеллектінің мәлім де беймәлім құпиялары, адамның қарым-қабілетінен асып түсетін тың платформаларды игеру, фейк пен дипфейкті ажырату, жеделдік, ашықтық және нақтылық қағидалары, сенім мен жауапкершілік тақырыптары кеңінен сөз болды. Биыл оныншы мәрте ұйымдастырылған маңызды шарада отандық және шетелдік ақпарат құралдарының өкілдерінен бөлек, түрлі технологиялық компания мен креативті индустрия мамандары да белсенділік танытты.*

## ● Қуаныш ТҰНҒАТАР

«Media. Human. AI: 10 жылдық трансформация. Сенімнің жаңа архитектурасы» деп аталған форум аз күнде медиа саласының ең өзекті мәселелерін талқылап қоймай, жаңа идеялар мен ынтымақтастыққа жол ашатын маңызды кәсіби алаңға айналып үлгерді. Онжылдық форум ақпараттық технологиялар қарқынды дамыған бүгінгі кезеңде журналистиканың жауапкершілігі мен қоғам алдындағы міндетін тағы бір мәрте айқындап берді.

Журналистер қауымын бір алаңда біріктірген форумда ҚР Мәдениет және ақпарат бірінші вице-министрі Қанат Ысқақов сөз алып, отандық ақпарат құралдарының бүгінгі тынысы жайлы баяндама жасады. «Осыдан он жыл бұрын Қазақстанда шамамен 2,5 мың БАҚ тіркелген еді. Ол кезде жаңалықтың негізгі көзі теледидар болатын. Бүгінде елімізде 5,5 мыңға жуық БАҚ тіркеліп, интернет пайдаланушылардың үлесі 98 пайызға жетті. Ақпарат тұтыну дағдысы да өзгерді. Отандастарымыздың 45-50 пайызы жаңалықты әлеуметтік желіден оқиды. Он жылдан бергі жағдайды алып қарасақ, бүгінгі медиа интернет кеңістігіне ойысып, жасанды интеллектіні қолдана бастады. Блогерлер мен инфлюенсерлер де дәстүрлі редакциялармен бәсекеге түсіп, қоғамдық пікірге ықпал етіп отыр. Кәсіби журналистика заман талабына сай өзгеріп барады», – деді бірінші вице-министр.

Оның айтуынша, бүгінде халық жаңалықтарды оқып, түсінуі үшін ЖИ чат-боттарын пайдаланатын болған. Бүгінде ондай адамдардың үлесі 7-ден 20 пайызға дейін өскен. Бірақ министрлік өкілі бұл жерде үлкен қауіп қатер тұрғанын да ескертті. «Журналистің жұмысын жеңілдететін технология санаулы минуттың ішінде адамның дауысы мен бейнесін қолдан жасай алады. Үкімет мүшелері, әкімдер мен танымал тұлғалардың бейнесі пайдаланылған дипфейктер көбейді. Бұл саяси арандату мен алаяқтық әрекеттерге де қолданылды. Сондықтан жаңа технологияны пайдалану қауіпсіздік пен жауапкершілік қағидаттарына сай болуы керек», – деді Қанат Ысқақов.

Пленарлық сессия үш күнде бірнеше маңызды тақырыпты қамтыды. Бірінші күні ақпарат таратудағы сенім қағидасы, жауапкершілік шекарасы, цифрлық орта қалыптастыру, аударма, жаңалықтарды түсіну мен саралаудың тың тәсілдері талқыланса, ертесінде спикерлер Қазақстанның ақпараттық саясаты, отандық вайб, медианарықтағы жарнама, медиасауаттылық, әлеуметтік желі және медиакеңістік мәселелерін әңгіме өзегіне айналдырды.

Форумда Euronews телеарнасының Әзербайжандағы өңірлік коммуникация жөніндегі жетекшісі Надира Тюдор пікір білдіріп, технология қанша дамыса да, медианың түпкі адресаты адам екенін атап өтсе, «Хабар» агенттігінің басқарма төрағасы Ләззат Танысбай дәстүрлі ақпарат құралдарының рөлі қашанда жоғары екенін, жасанды интеллектіні журналистикаға кеңінен қолданудан гөрі телеарнаның алтын қорын, архивін цифрландыруға баса көңіл бөлу абзал екенін жеткізді. Сол сияқты ЮНИСЕФ-тің Қазақстандағы өкілінің міндетін атқарушы Эльвира Яушева балалардың цифрлық ортадағы белсенділігіне баса назар аударды. Оның айтуынша, 2023 жылы Қазақстанда жүргізілген онлайн сауалнамада 9-17 жастағы балалардың 46 пайызы интернетті 5-8 жастан бастап пайдаланатыны белгілі болған. Спикер бұл көрсеткіштің бір жағы, зор қаупі барын, екінші жағынан, мол мүмкіндік екенін алға тартты. Қырғыз елінен келген «Жетінші арна» телеарнасының бас директоры Илязбек Балташев та жасанды интеллектіге қауіп деп емес, керісінше, тілшінің тегеурінін арттырып, кәсіби шеберлігін шыңдайтын қосымша көмекші құрал деп қараудың маңыздылығын түсіндірді. Медиа алаңда түрлі сарапшы-мамандар пікір білдіріп, журналистикаға қойылып отырған заманауи талаптарды дәлелді уәжбен түсіндірді. Әртүрлі БАҚ өкілдері мен өңірден жиналған тілшілер қауымы форумда шеберлік сыныптарынан, кәсіби шыңдалудан өтті.

Форум сессиясында сөз алған медиаменеджер Асқар Жалдинов болса, бүгінгі таңда журналистиканың мақсаты қатты өзгеріп жатқанын тілге тиек етті. Маман өз сөзінде кейбір журналистер ақпарат таратуға емес, эмоция тудыруға басымдық беріп кеткенін атап өтті. Сонымен бірге ол мемлекеттік ақпараттық саясатқа өзгерістер керегін, журналистердің басын қосатын ауқымды ұйым, бірлестік қажет екенін айтты.

*(Соңы 2-бетте)*

## Бүгінгі санда:



**Қордың қолдауы зор** 3 бет



**Бояуға жан бітірген** 5 бет




**Дәуір дарабозы** 8 бет

**БАСПАСӨЗ – 2027**

Еліміздің «Қазпошта» бөлімшелерінде газетке жазылу науқаны басталды.
Газетімізге «Kaspi» қосымшасы арқылы да жазылуға мүмкіндік бар.

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша мына нөмірлерге хабарласыңыз:
**87476881741, 87082109571**
«АЛАТАУ АРАЙЫ» газеті редакциясының мекенжайы:
Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1. 3-қабат.

**ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!**
Алаштың аманатын даралаған,
Ұлтымның ұлағатын бағалаған.
«Алатау арайына» жазылыңыз,
Көркем сөз, кемел ойды саралаған!

| Жазылушылар | Индексі | 6 айға | | 12 айға | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қала | ауыл | қала | ауыл |
| Жалпы жеке жазылу | 64792 | 6103,44 | 5742,72 | 12206,88 | 11485,44 |
| Кәсіпорындар мен ұйымдар | 14792 | 11872,80 | 7326,72 | 23745,60 | 14653,44 |
| Соғыс ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен | 54792 | 5743,44 | 5382,72 | 11486,88 | 10765,44 |

| ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТТА ЖАЗЫЛУ: | | |
|---|---|---|
| Жазылушылар | 6 айға | 12 айға |
| Жалпы жеке жазылу | 5000 | 10000 |
| Кәсіпорындар мен ұйымдар | 6000 | 12000 |
| Соғыс ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен | 4000 | 8000 |

| РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП БАЛАМА ЖАЗЫЛУ: | | |
|---|---|---|
| Жазылушылар | 6 айға | 12 айға |
| Жалпы жеке жазылу | 5000 | 10000 |
| Кәсіпорындар мен ұйымдар | 6000 | 12000 |
| Соғыс ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен | 4000 | 8000 |

Газетке жазылу науқаны жыл бойы жалғаса береді.

**Газетіміздің апта ішіндегі ең маңызды жаңалықтарды қамтыған бейне-шолуын YouTube парақшамызға тіркеліп, мына QR-код арқылы көре аласыздар:**

# ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ КҮШІ – ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕ!




(Басы 1-бетте)

Жиында «Qazaq Creative Power: Қазақстандық вайбты кім қалыптастырады?» атты пікірталас өтті. Жазушы Мақсат Мәлік жүргізген сессияда KBTU және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушысы Арын Құнанбайұлы, «Саяхат Time» жобасының авторлары Ернар Алмабек пен Жазира Байдалы ұтымды пікірлерімен бөлісті.

Форум қорытындысында мерзімді басылымдар мен сайттарға, телеарна мен радио ұжымдарына, үздік журналистерге дәстүрлі «Үркер» және «Тұмар» сыйлықтары табысталды. Салтанатты шарада ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Арман Қырықбаев тілшілер қауымына құттықтау сөзін арнап, мемлекет қашанда ақпарат саласын қолдауды жалғастыра беретінін айтты. Қазылардың нәтижесіне сәйкес, «Жетінші арна», «Жібек жолы», «Astana TV», «24.kz» телеарналары, Қазақ радиосы мен Altainews.kz, Bestnews.kz, Tengri TV сайттарының жеке жобалары топ жарды. Барлық жеңімпазға бір миллион теңгенің сертификаттары берілді. «Үздік талдамалық материал» аталымы бойынша «Казахстанкая правда» газетінің, «Үздік телевизиялық материал» негізінде «Қазақстан» телеарнасының, «Үздік материал» номинациясы бойынша «Ақтөбе» газетінің тілшілері үздік шықты. «Еуразия» бірінші арнасынан Вероника Вишневская «Үздік тележүргізуші» атанса, «31 арнаның» «Информбюро» бағдарламасы Qazaqstan media awards арнайы марапатын иеленді. Бұдан бөлек, форумда «Үздік баспасөз қызметі» аталымы бойынша ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі мен Ақтөбе облысы әкімінің баспасөз қызметтері жеңімпаз болды. Ал «Үздік баспасөз хатшысы» аталымына ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі баспасөз қызметінің жетекшісі Айнаш Қойшыбаева мен Түркістан облысы әкімі баспасөз қызметінің жетекшісі Мира Сүлейменова лайық деп танылды.

*Астана қаласы*

**БІЗДЕН БІР ПІКІР**

## ТӘЖІРИБЕ АЛАҢЫНА АЙНАЛДЫ

*Ең алдымен, медиа апталықтың дәстүрге айналғанына қуаныштымын. Себебі, еліміздің барлық аймағынан келген БАҚ өкілдері бір алаңға жиналып, өзекті мәселелерді талқылауға мүмкіндік алады. Astana media week – шетелдік және отандық масмедиа саласының өкілдері тәжірибе алмасатын алаң.*

*Қазіргі таңда жасанды интеллект барлық салада сұранысқа ие. Соның ішінде телеарнада сюжеттерді монтаждау кезінде, газетте де, сайтта да кеңінен қолданыла бастады. Өз басым ЖИ журналистің орнын толық алмастырады дегенге күмәнмен қараймын. Осы іс-шараның арқасында өзіме қажетті ақпараттарды алдым және күнделікті қызметімде қолданамын.*

**Руслан БАҚЫТЖАН,**
**QAZSPORT телеарнасының редактор-кеңесшісі, спорт комментаторы**

**МАРАПАТ**

# ӘЛЕМДІК ДОДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫ



***Іле ауданында халықаралық жарыстарда жоғары нәтижеге қол жеткізіп, ел намысын абыроймен қорғаған жас спортшылармен кездесу өтті. Салтанатты жиынға әлемдік додалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері, олардың жаттықтырушылары және демеушілер қатысты.***

Биыл Жапонияда өткен Азия ойындарында Жібек Құлымбетова джиу-джитсудан қола жүлдеге ие болды. Ал Грекияда жасөспірімдер арасында өткен самбо жарысында Айғаным Асылан алтын медаль жеңіп алып, әлем чемпионы атанды. Аталған додада Қарақат Рахыбай мен Азамат Байзақов күміс жүлдеге, Мерей Дәулетқан қола жүлдеге қол жеткізді. Сондай-ақ Ахмет Байбек дзюдодан кадеттер арасындағы әлем чемпионатында қола жүлдегер атанып, аралас командалық сайыста чемпиондық атақты иеленді.

Кездесу барысында аудан әкімі Қайыржан Жақсымбетов жас спортшылардың халықаралық аренадағы жетістіктерін жоғары бағалап, олардың жеңіске жету жолындағы табандылығын ерекше атап өтті. Спортшыларды биік белестерге жетелеген жаттықтырушыларға кәсіби шеберлігі мен еңбегі үшін алғыс білдірді.

«Сіздердің жетістіктеріңіз – еліміз үшін зор мақтаныш, ауданымыз үшін үлкен мәртебе. Бұл – қажырлы еңбектің, қайсар мінез бен жеңіске деген жігердің нәтижесі. Алдағы уақытта да биік белестерді бағындырып, көк Туымызды халықаралық ареналарда желбірете берулеріңізге тілектеспіз», – деді кездесуде аудан әкімі.

Жиында жеңімпаздар мен жүлдегерлер және олардың бапкерлері марапатталды. Демеушілер мен жаттықтырушылар сөз сөйлеп, жас спортшыларға ізгі тілектерін жеткізді.

Ілелік жас спортшылардың халықаралық деңгейдегі жетістіктері – өскелең ұрпаққа үлгі әрі аудан спортының дамуының жарқын көрсеткіші.

**Дана ҰЗАҚБАЙ**
***Іле ауданы***

**МӘДЕНИЕТ КҮНДЕРІ**

# ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НАСИХАТТАЛДЫ

***Облыс көлемінде өтіп жатқан «Ауылым – алтын бесігім» атты аудан, қала Мәдениет күндері байқауы Қонаев қаласында жалғасты. Ауылдың абыройын асқақтатып, ұлттық құндылықтарды ұлықтап, төл өнерді өрістететін байқауға облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бөлім басшысы Төлеужан Ғұмаров, ұста Дәркембай атындағы қолөнер музейінің директоры Дәулет Дәркембайұлы, «Алтынай» мемлекеттік халық биі ансамблінің бас балетмейстері Ғазиза Әбдиева, Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының директоры Ержан Тоқтар, Сүйінбай атындағы облыстық филармония әншісі Мәншүк Тұрсынғазина, «Қобыз сарыны» фольклорлы-этнографиялық ансамблінің көркемдік жетекшісі Бекназар Какалейов төрелік етті. Алғашқы сөз Қонаев қаласының әкімі Асхат Бердіхановқа берілді.***

● Айжарық КӨПТІЛЕУОВ ——



Суретті түсірген – Мұхтар ӘУКЕН

– Халқымыз үшін ауыл – алтын бесік. Ол – ұлттық тәрбиенің бастауы, салт-дәстүріміздің қайнар көзі. Ауыл мәдениетін дәріптеу – ұлттық мұрамызды сақтау мен ұрпақ сабақтастығын нығайтудың маңызды жолы. Бүгінде Қонаев қаласында мәдениет саласын дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Қалалық кітапхана мен Мәдениет үйі жөнделіп, орталық алаңның сахнасы жаңартылды. Сарыбұлақ ауылында мәдени-демалыс клубы ашылды. Қаладағы 10 ескерткіш абаттандырылып, қалпына келтірілді. «Қонаев әуендері» ансамблі құрылды. Жастар театры жұмысын бастап, 6 спектакльді репертуарына енгізді. Қалалық мәдениет қызметкерлері ауылдарға көшпелі концерттер ұйымдастырып келеді. Соның бірі – «Шеңгелді Fest» мәдени іс-шарасы. Бұл бастамалар – ұлттық өнерді қолдауға және қаламыздың мәдени өмірін байытуға бағытталған маңызды қадамдар, – деді шаһар басшысы. Одан кейін облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Әнуар Үмбетәлиев жиналған қауымды мәдени шараның ашылуымен құттықтады.

Іс-шара аясында қалалық Мәдениет үйі алдындағы алаңда қалалық кітапхананың көшпелі кітап көрмесі, қолөнер шеберлерінің қолынан шыққан ұлттық нақыштағы бұйымдар мен халқымыздың салт-дәстүрлері көпшілік назарына ұсынылды. Шеңгелді ауылдық Мәдениет үйі жанынан ашылған Қабан жырау атындағы жыршы-термешілер мектебінің шәкірттері термені төгілдіріп, тыңдармандардың құлақ құрышын қандырды. Сахна төрінде «Қонаев әуендері» ансамблі ұлтымыздың ұлы тұлғаларының шығармаларын орындап, үлкенді-кішілі көрермендерді өнердің кәусар бұлағынан сусындатты.

Әділқазылар алқасы мен жиналған қауым қалалық Мәдениет үйінің фойесінде өткізілген эко-көрмені тамашалап, өз бағасын берді. Байқау талабына сәйкес Мәдениет үйлерінің ішкі безендірілуі, көгалдандырылуы, төлқұжаттары, жоспары, өткізілген көпшілік-мәдени шаралар мен портфолиолары, қолөнер шеберлері, зергерлер, суретшілердің бұйымдары, ұмыт болған ұлттық салт-дәстүрді, аудан, қаладан шыққан ұлы тұлғаларды насихаттау, «Халықтық», «Үлгілі» атағы бар ұжымдардың және жаңадан құрылған театрлардың қойылымдары, «Заң мен тәртіп», «Таза Қазақстан» бағдарламаларының орындалуы қазылар алқасының назарынан тыс қалмады.

Облыста жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келе жатқан ауылдың мәдени әлеуетін саралап, шығармашылық жетістігін танытуға, озық тәжірибелерді дәріптеуге бағытталған байқау Қонаев жастар театры мен қалалық Мәдениет үйі өнерпаздарының концертіне ұласты.

**БРИФИНГ**



# ЫРЫСТЫ ӨЛКЕ ТЫНЫСЫ

***Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында өткен брифингте Балқаш ауданының әкімі Азат Құтпанбетов биылғы тоғыз айдағы әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасын жүзеге асыру аясында атқарылған жұмыс барысын баяндады.***

● Ерзат АСЫЛ ——

Аудан әкімінің сөзінше, биыл ауданда 28 518,4 гектар жерге егіс егілді. Оның ішінде 13 139,9 гектарға дәнді дақылдар, 15 368,5 гектарға мал азықтық дақылдар орналастырылды. Дәнді дақылдар алқабының 5 441,7 гектары күрішке, 4 351,2 гектары арпа мен бидайға, 3 347 гектары дәндік жүгеріге тиесілі. Сондай-ақ 10 гектар жерге бақша және көкөніс дақылдары егілген. Қазіргі уақытта ауданда күріш жинау науқаны жалғасуда. Бүгінге дейін 1 349,2 гектар алқап орылып, 3 997,5 тонна өнім жиналды. Сонымен қатар шөп шабудың үшінші орымы аяқталып, 160,9 мың тонна жоңышқа дайындалды. Бұл мал азығы қорын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Мал шаруашылығында да оң динамика байқалады. Есепті кезеңде тірідей салмақта 9 900,8 тонна ет өндіріліп, сүт өндірісі 10 190,1 тоннаға жетті. Аудандағы мал басы да тұрақты өсім көрсетіп отыр. Ірі қара саны – 112 849, жылқы саны – 31 671, қой-ешкі саны 107 747 басты құрады», – дейді Балқаш ауданының әкімі Азат Құтпанбетов.

Шаруалардың қаржылық мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында мемлекеттік қолдау тетіктері де пайдаланылуда. «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында «Қонаев» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясына жалпы сомасы 1 млрд 114 млн теңгеге 146 азаматтың құжаттары тапсырылған. 2026 жылы 14 азамат 171,3 млн теңге көлемінде қаржы алған. Ал «Кең дала» несиелік бағдарламасы бойынша екі шаруашылық жалпы сомасы 2 млрд 150 млн теңге несиеге қол жеткізген.

Ауыл шаруашылығының тұрақты дамуы су ресурстарын тиімді пайдаланумен де тығыз байланысты. Осы бағытта Тентек өзенінің 18 шақырымында механикалық тазарту жұмысы жүргізілуде. Жобаға 323 млн теңге қарастырылған. Бұдан бөлек, Топар өзенінің 86 шақырымдық сағасын тазартуға 330 млн теңге бөлініп, қазіргі уақытта 28 шақырымында жұмыстар атқарылуда. Сонымен қатар аудан аумағында пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы жерлері мемлекетке қайтарылуда. Жыл басынан бері жалпы көлемі 171 117,62 гектар пайдаланылмайтын жер анықталған. Оның ішінде 13 жер пайдаланушыға тиесілі 9 032,4 гектарды құрайтын 20 жер учаскесі мемлекеттік жер қорының есебіне қайтарылды. Аталған шаралар Балқаш ауданында ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуға, шаруаларды қолдауға және жер мен су ресурстарын тиімді пайдалануға бағытталған.

Баспасөз мәслихатында Азат Құтпанбетов өңір тұрғындарының әл-ауқатын жақсартуға бағытталған жұмыстарды да баяндап өтті. 2026 жылдың сегіз айында құрылыс жұмыстарының көлемі 4,18 млрд теңгеге жетіп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 21,1%-ға өсті. Бұл ретте тұрғын үй құрылысы бағытында да оң динамика байқалған. Есепті кезеңде ауданда 4 млрд 181,3 млн теңгенің құрылыс жұмысы орындалды. Нақты көлем индексі 121,1%-ды құрады. Салыстырмалы түрде алғанда, 2025 жылдың осы кезеңінде құрылыс жұмыстарының көлемі 3 млрд 195,3 млн теңге болған. «Тұрғын үй құрылысы бойынша да өсім бар. Биыл пайдалануға берілген тұрғын үйдің жалпы ауданы 8 072 шаршы метрге жетті. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі 5 287 шаршы метрмен салыстырғанда едәуір жоғары», – деді аудан әкімі Азат Үкітайұлы.

Әлеуметтік осал топтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету де ауданның басым бағыттарының бірі саналады. 2025 жылы аудан орталығында осы санаттағы азаматтарға арналған 90 пәтердің құрылысы аяқталып, тұрғындар игілігіне берілді. Ал биыл аудан аумағында әлеуметтік осал топтарға арналған 208 пәтердің құрылысы жүргізілуде. Оның ішінде Миялы, Бақбақты және Ақдала ауылдарында жалпы саны 40 тұрғын үй салынып жатыр. Қолға алынған бұл жұмыстар ауданның құрылыс саласын дамытуға, тұрғын үй қорын ұлғайтуға және әлеуметтік осал санаттағы азаматтардың баспанаға қолжетімділігін арттыруға негіз болмақ.

ПРЕСС-ТУР

**Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту – еліміздегі ең маңызды мәселенің бірі. Бүгінде бұл мақсатта түрлі жоба қолға алынуда. «Даму» қоры – еліміздегі шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың негізгі институты. Бүгінгі күнге дейін Алматы облысындағы 130-дан аса кәсіпкер «Даму» қорынан қолдау тауып, ісін дөңгелеткен. Аймақтық БАҚ өкілдеріне ұйымдастырылған баспасөз туры аясында мемлекеттік қолдауды тиімді пайдаланған бірқатар кәсіпорынның қызметімен таныстық.**




Суреттерді түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

# ҚОРДЫҢ ҚОЛДАУЫ ЗОР

● Ерзат АСЫЛ ——

Кәсіп ашып, жаңа іске бет бұрғысы келген жандарға әркез қолдау табылады. Кәсіпкерлерге жеңілдетілген несие беретін бағдарламалар да жеткілікті. «Даму» қорының Алматы облысы бойынша аймақтық филиалының директоры Бақытжан Исақовтың айтуынша, аталған қор екінші деңгейлі банктер арқылы жеке кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруға, пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялауға, банк алдында кепілдік беруге, лизингтік мәмілелерді және микрокредиттік ұйымдарды жеңілдікпен қаржыландыруға, сондай-ақ қаржылық емес қолдау көрсетуге қолұшын береді. Өткен жылы жеңілдетілген несиелеу аясында «Өрлеу» бағдарламасы жүзеге аса бастаса, биыл жаңадан «Іскер аймақ» бағдарламасы іске қосылған.

«Ең алдымен «Өрлеу» бағдарламасы туралы айтып өтсем, онда 10 жылға дейінгі мерзімге 7 миллиард теңгеге дейінгі инвестициялық несиелер және үш жылға дейінгі мерзімге 3,5 миллиард теңгеге дейінгі айналым қаражатын толықтыруға арналған қарыздар ұсынылады. Өтінімдер бес банк арқылы қабылданады. Бұл қатарда «Halyk Bank», «ЦентрКредит», «Фридом банк», «ForteBank» бар. Алматы облысында осы бағдарлама бойынша жалпы несие сомасы 9,5 млрд теңгені құрайтын 12 жобаға қолдау көрсетілді. Бұл ретте өңдеу өнеркәсібі, көлік және қойма салу, туризм, білім беру, денсаулық сақтау салаларына басымдық берілді. Ал «Іскер аймақ» бағдарламасы микро және шағын кәсіпкерлік субъектілеріне арналған. Қатысушылар қатарына ауыл шаруашылығы кооперативі нысанындағы заңды тұлғалар және әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері де енгізілген. Жобалардың көпшілігіне басым қызмет түрлерінің тізбесі қолданылады. Оған азық-түлік, тоқыма, киім, ағаш және қағаз бұйымдары, химия өнімдері, дәрілік заттар, резеңке және пластмасса бұйымдары, жиһаз және құрылыс материалдарының жекелеген түрлерін өндіру кіреді. Бағдарлама бойынша номинал сыйақы мөлшерлемесі «Қазақстан Ұлттық Банкінің» базалық мөлшерлемесіне 4 пайыздық тармақ қосу арқылы белгіленеді. Қатысушылардың көпшілігі үшін номинал мөлшерлеменің 40%-ы, әлеуметтік кәсіпкерлер үшін 50%-ы субсидияланады. Бұл мөлшерлемені 40 немесе 50 пайызға азайту дегенді білдірмейді. Қор номинал мөлшерлеменің белгілі үлесін төлейді, қалған бөлігін қарыз алушы өтейді. Ресми шарт бойынша кәсіпкерге түсетін түпкілікті мөлшерлеме 12,6%-дан төмен болмауы керек. Инвестициялық жобаны іске асыру мерзімі субсидиялау басталған күннен бастап 24 айдан 18 айға қысқарды. Заңнамадағы елеулі өзгерістер немесе күтпеген техникалық, экономикалық және өндірістік жағдайлар болса, мерзімді ең көбі алты айға ұзартуға болады. Инвестициялық жоба бойынша әр 100 млн теңге несиеге жаңа жұмыс орны ашылуы керек, бірақ әр жоба бойынша кемінде бір жұмыс орны құрылуға тиіс. Нәтиже қолдау алынған жылдан кейінгі екі жылдың қорытындысымен бағаланады. Сонымен бірге субсидиялау аяқталғанға дейін кіріс жыл сайын жинақталған инфляция деңгейінен кем емес мөлшерде өсуі қажет. Қазірге дейін Алматы облысында «Іскер аймақ» бағдарламасы бойынша 1,5 млрд теңгені құрайтын 17 жоба қолдау тапты. Қазан айына дейін несие портфельдері бойынша жалпы сомасы 22,632 миллиард теңгені құрайтын 112 кепілдік келісімшартына қол қойылды, оның ішінде қордың кепілдігі 13,038 миллиард теңгені құрады. Жобалардың ең үлкен үлесі ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы және балық шаруашылығы салаларына тиесілі»,– деді «Даму» қоры аймақтық филиалының директоры Бақытжан Исақов.







Шағын және орта бизнесті қолдаудың тиімділігін көрген кәсіпорындардың бірі – «AmigoSan» ЖШС. Аталған кәсіпорын 2023 жылы құрылған. Компания директоры Елена Ханның айтуынша, ол отбасындағы қызығушылығын бизнес идеяға айналдырып, өндірістің негізін қалаған. «Бастапқыда біз бес адамнан тұратын шағын команда жасақтап, AmigoSan тұздықтарын нарыққа шығара бастадық. Осылай нарықты зерттеп, тұтынушылардың қажеттіліктерін талдап, олқылықтарды анықтадық. Әртүрлі елдердің технологиясын пайдалана отырып, өз дәмдеуіштерімізді жасап, өнім түрлерін кеңейттік. Бүгінде біртіндеп толыққанды тұздық өндіретін кәсіпорынға айналып келеміз. Биыл кәсіпорын 1000 тоннадан астам өнім өндіріп, отандық тұздық өндірісін дамытуға үлес қосты. Қазір 30-ға жуық адамды тұрақты жұмыспен қамтып отырмыз. Мұндағы бір атап айтарлық артықшылық, тұздық өндіруге арналған бұрыш пен басқа да шикізат өсіретін өз егістіктеріміз бар. Бұл бізге өз шикізат базамызды дамытуға және ауыл шаруашылығы мен азық-түлік өндірісі арасындағы байланысты нығайтуға мүмкіндік береді. Компания өнімдері халал және ISO 22000 сертификатына ие. Бұл өнімдеріміздің азық-түлік сапасы мен қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігін растайды. Біз үшін тек тұздықтарды өндіру ғана емес, сонымен қатар отандық өндірісті дамыту, тұтынушыларға жоғары сапалы қазақстандық өнімді ұсыну маңызды. Осы тұрғыдан алғанда, «Даму» қорының қолдауы отандық бизнестің дамуына елеулі үлес қосуда. Біз үшін бұл қолдау алға жылжу, өз өндірісімізді дамыту және қазақстандық өндірушілердің позициясын нығайту мүмкіндігін білдіреді. Қазір біз еліміздің нарығынан өзге Өзбекстан мен Қырғызстанға да өз өнімдерімізді экспорттай бастадық», – дейді «AmigoSan» ЖШС директоры Елена Хан.

Аймақтың дамуына елеулі үлес қосып жатқан кәсіпорындардың бірі – «Сегмент Энерго Казахстан» ЖШС. Кәсіпорынның өнімдері мемлекеттік және коммерциялық жобаларда сұранысқа ие және өнеркәсіптік автоматтандыру, энергиямен жабдықтау, телекоммуникация, күзет және өрт дабылы жүйелері, сондай-ақ мұнай-газ, энергетика, химия өнеркәсібі және кеме жасау салаларында қолданылады. Бүгінде 39 адам тұрақты жұмыспен қамтылған кәсіпорында жылына 3 700 000 метр кабель құбырлары өндіріледі. Қазір компания өндірісті дамытуды, қуатын кеңейтуді және тиімділігін арттыруды жалғастыруда.

«Біз кабель құбырларын Оңтүстік Корея технологиясының көмегімен өндіреміз. Өнімдеріміз халықаралық стандарттарға сай және түрлі қысымдарға төзімді. Біз алғаш өнімдерімізді Германия, Бельгия, Ұлыбритания сынды Еуропа елдері мен Гана, Нигерия Африка елдеріне, Малайзия және Орта Азияға саудалай бастадық. Бүгінде өнімдеріміз Ұлыбританияда салынып жатқан атом электр стансасына пайдаланылуда. Елімізде салынатын АЭС құрылысына байланысты өнімдерімізге сұраныс артады деген ойдамыз. Өйткені бұл қаржы үнемдеу мен отандық өндірісті қолдауға зор мүмкіндік береді. Қазір бізге ел көлемінде тапсырыстар түсе бастады. Айталық, Астана мен Алматыдағы және басқа өңірлердегі бірқатар тұрғын үй кешендерін салып жатқан компаниялар біздің өнімді сатып алды. «Даму» қоры арқылы бізге 390 млн теңге кепілдендірілген несие берілді. Ол қаржыға өндіріс қуатын арттыруға қажетті техникалар алдық. Өндіріске қажетті шикізат Ресей мен Қытайдан әкелінеді. Бүгінде кабель құбырларының 50-ден астам түрін өндіреміз», – деді кәсіпорынның өндіріс барысын таныстырған компания өкілі Смет Көшербаев.

Қарасай ауданының Жармұхамбет ауылына ірге тепкен «Алматы тұрмыстық техника зауыты» ЖШС – еліміздегі заманауи тұрмыстық техника шығаратын алғашқы өндіріс ошақтарының бірі. Кәсіпорын 2021 жылы ашылды. Жобаның мақсаты – ішкі нарықтың қажеттіліктерін қанағаттандыруға және осы стратегиялық маңызды импортқа тәуелділікті айтарлықтай төмендетуге қабілетті тұрмыстық техниканың толыққанды, тәуелсіз өндірісін құру. Бүгінгі таңда кәсіпорын газ және электр плиталарын, пештер шығарады. Жақын болашақта тоңазытқыш, мұздатқыш, ас үй сорғыштары мен теледидарлар шығару да жоспарларында бар.

Жоба «Даму» қорының субсидияларын тарта отырып, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ қолдауымен іске асырылуда. Өндірістік қуаты кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Осылайша жыл сайын жаңа жоғары технологиялық цехтар, оның ішінде металл өңдеу, автоматтандырылған сырлау, эмальдау цехтары, полистирол көбік қаптамасын өндіру учаскесі пайдалануға берілген. Жоспар бойынша Алматы тұрмыстық техника зауыты келер жылы 200 мың бірлік өнім өндіруді көздеп отыр.

«Бүгінгі таңда зауыт өнімдері Technodom, Sulpak, Mechta, Fora сияқты елдің ірі сауда желілерінде ұсынылған. Сондай-ақ бес фирмалық сауда нүктелерінің желісі жұмыс істейді. Біз қазақстандықтардың өз елінде өндірілген сапалы, сенімді және бәсекеге қабілетті тұрмыстық техникаға қол жеткізуін мақсат тұтамыз», – дейді ЖШС директоры Арсен Үштаев.

Баспасөз туры барысында көзіміздің жеткені – мұндай іргелі зауыттың іске қосылуы еліміздің өнеркәсіптік әлеуетін технологиялық жаңғыртуға және нығайтуға бағытталған мемлекет пен кәсіпкерліктің табысты әріптестігінің жарқын үлгісі екені.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылғы «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында шағын және орта бизнестің ішкі жалпы өнімдегі үлесін арттырып, осы саланы жүйелі түрде жетілдіре түспесе, экономиканы дамыту және тұрмыс сапасын жақсартуға тың серпін бере алмайтынымызды ашып айтқан болатын. Бүгінде «Даму» қорының қолдауы өңірлік экономиканың дамуына өзіндік үлес қоса бастады. Алматы облысының кәсіпкерлері үшін ол өсудің, жаңғыртудың және бәсекеге қабілеттілікті арттырудың маңызды қадамына айналып келеді. Қор өндіріс пен маңызды әлеуметтік салаларға серпін беретін құнды жобаларға қолдау көрсете бермек.

## 29 қараша МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

### № 1
### Қазақстан Республикасы мәслихаттар депутаттарын сайлау туралы

2026 жылғы 29 қарашада Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауы өтеді.

Мәслихаттар – тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністегі халықтың еркін білдіретін және оны іске асыру қажетті шараларды белгілейтін, сондай-ақ олардың жүзеге асырылуын бақылайтын жергілікті өкілді органдар.

Мәслихаттар депутаттарының өкілеттік мерзімі – бес жыл.

Мәслихат депутаттары жалпыға бірдей, тең төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы сайланады.

Қазақстан Республикасының 20 жасқа толған азаматы мәслихат депутаты бола алады.

Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп танығаң, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың;

сотталғандығы заңмен белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алып тасталмаған адамның;

сыбайлас жемқорлық қылмыс және сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жасауда кінәсін сот заңда белгіленген тәртіппен таныған адамның **сайлануға құқығы жоқ.**

**Астана, облыстар және республикалық маңызы бар қалалар** мәслихаттарының депутаттары аралас сайлау жүйесі бойынша сайланады. Біртұтас аумақтық сайлау округінің аумағы бойынша пропорционалды өкілдік жүйесі бойынша депутаттардың жартысы, екінші жартысы – бірмандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланады.

**Аудандар мен қалалар** мәслихаттарының депутаттары бірмандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланады.

Мәслихаттар депутаттығына:

– партиялық тізімдер бойынша сайланатын кандидаттарды ұсыну құқығы – саяси партияларға;

– бірмандаттық аумақтық сайлау округтер бойынша сайланатын кандидаттарды ұсыну құқығы – саяси партияларға, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ егер жарғыда тиісті өкілеттік көзделген болса, олардың құрылымдық бөлімшелеріне (филиалдары мен өкілдіктеріне) және өзін-өзі ұсыну арқылы азаматтарға тиесілі.

Аумақтық сайлау округі бойынша бір саяси партиядан бір ғана тізімді тіркеуге жол беріледі, онда әйелдер мен жастардың саны жиынтығында, оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде отыз пайызын құрауға тиіс.

Ешкім біреуден артық сайлау округінде кандидат болып ұсыныла алмайды.

**Алматы облысының аумақтық сайлау комиссиясы**

ЖИЫН

# САЙЛАУ ТӘРТІБІ ТҮСІНДІРІЛДІ

***Қонаев қаласындағы облыстық аумақтық сайлау комиссиясының ғимаратында комиссия төрағасы Мейрамгүл Айтованың қатысуымен партия өкілдеріне арналған жиын өтті. Басқосуда Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауын ұйымдастыру мен өткізудің негізгі кезеңдері, кандидаттарды ұсыну және тіркеу тәртібі, сайлауалды үгіт жүргізу мерзімдері мен сайлау заңнамасының талаптары түсіндірілді.***



● Құралбек СӘБИТОВ ——

Кездесу барысында алдағы сайлау науқанының күнтізбелік жоспары таныстырылды. Мәслихат депутаттығына кандидаттарды ұсыну 2026 жылғы 14 қазаннан 27 қазанға дейін, яғни 14 күн бойы жүргізіледі. Кандидаттарды тіркеу 1 қараша күні сағат 18:00-де аяқталады. Ал сайлауалды үгіт 1 қарашадан 28 қарашаға дейін жалғасып, жалпы 27 күнді қамтиды. 28 қараша – тыныштық күні, ал дауыс беру 29 қарашаға белгіленген. Жалпы сайлау науқанының ұзақтығы – 48 күн.

Жиында Мейрамгүл Қазыбекқызы қатысушыларға мәслихат депутаттарын сайлаудың құқықтық негіздері мен тәжірибелік қырларын түсіндірді. Бұл ретте кандидаттар мен саяси партиялардың сенім білдірілген адамдарына, байқаушыларға және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне сайлау рәсімін дұрыс түсіну, өз өкілеттіктері мен міндеттерін білу қажеттігінің маңыздылығы туралы айтты. Мұндай түсіндіру жұмыстары сайлау науқанының барлық кезеңінде заң талаптарының сақталуына, рәсімдердің ашық әрі жүйелі жүргізілуіне ықпал етеді. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, мәслихат депутаттарын тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің халқы жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге сайлайды. Жергілікті өкілді органдар азаматтардың мүддесін білдіріп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты маңызды мәселелерді шешуге қатысады. Сондықтан депутаттыққа кандидаттарды ұсыну мен тіркеуден бастап, дауыс беру қорытындысын шығаруға дейінгі әрбір кезеңнің заң талаптарына сай өтуі ерекше мәнге ие.

Кездесуде мәслихат депутаттығына кандидаттарға қойылатын талаптар туралы да айтылды. Кандидат Қазақстан Республикасының азаматы әрі жиырма жасқа толған болуы керек. Дегенмен азаматтарға қатысты заңда белгіленген бірқатар шектеулер де бар. Атап айтқанда, сот әрекетке қабілетсіз деп танығаң, соттылығы заңда белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған адамдардың, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмыс немесе құқықбұзушылық бойынша істі болған азаматтардың сайлануға құқығы жоқ. Кандидаттарды ұсыну тәртібі сайлау жүйесінің ерекшеліктеріне байланысты жүзеге асырылады. Партиялық тізім бойынша сайланатын кандидаттарды ұсыну құқығы саяси партияларға тиесілі. Ал бірмандатты аумақтық сайлау округтері бойынша кандидаттарды саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер, жарғысында тиісті өкілеттік көзделген жағдайда олардың құрылымдық бөлімшелері, сондай-ақ азаматтар өзін-өзі ұсына алады. Осы тәртіпті сақтау кандидаттарды тіркеу кезінде заңдылықты қамтамасыз етудің маңызды шарты болып саналады. Саяси науқан кезінде өңірде барлығы 899 сайлау комиссиясы жұмыс істейді. Оның ішінде 12 облыстық, 204 округтік және 583 учаскелік сайлау комиссиясы бар. Комиссиялардың құрамында 5 827 мүше қызмет атқарады. Сонымен қатар облыс аумағында 683 сайлау учаскесі жұмыс істеп, сайлаушылардың дауыс беруіне жағдай жасайды. Аймақ бойынша сайлаушылардың жалпы саны 1 044 803 адамды құрайды. Жыл басынан бері сайлаушылар тізіміндегі азаматтар саны 14 532 адамға артқан. Облыс көлемінде барлығы 12 мәслихат бойынша 210 депутаттық мандат қарастырылған. Оның ішінде облыстық мәслихатта – 38, екі қалалық мәслихатта – 23, тоғыз аудандық мәслихатта 168 мандат көзделген.

Жиын соңында сайлау процесіне қатысушыларға заңнама талаптарын сақтау, өз міндеттерін жауапкершілікпен орындау және сайлауға қатысты ақпаратты дұрыс түсіндірудің маңызы жеткізілді.

СҰХБАТ

СҰХБАТ

***Педагогтердің құқығын қорғау, кәсіби беделін арттыру және білім беру саласындағы заң талаптарының орындалуын қамтамасыз ету – бүгінгі күндегі өзекті мәселенің бірі. Бұл ретте «Педагог мәртебесі туралы» Заң қабылданып, мұғалімдердің құқығын қорғау бағытында бірқатар мәселенің шешімін тапқаны белгілі. Десек те, «Бүгінгі таңда бұл заңның орындалу деңгейі қандай? Мұғалімдерді әлі де алаңдататын мәселелер бар ма?» деген сауалдың көпшілікті толғандырары анық. Алматы облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы Гүлмира Күлсариевамен болған сұхбатта осы тақырып төңірегінде сөз қозғалды.***



# ҰСТАЗ МӘРТЕБЕСІ – ҰЛТ МЕРЕЙІ

**– Гүлмира Әлімбайқызы, «Педагог мәртебесі туралы» Заң қабылданғанына алты жылдан астам уақыт өтті. Бұл заң мұғалімдердің құқықтарын толықтай қорғауда ма?**

– Заңның негізгі мақсаты – педагогтің кәсіби мәртебесін бекіту, құқықтық жағдайы мен әлеуметтік қорғалуын арттыру, сондай-ақ оның негізгі міндетіне кедергі келтіретін әрекеттерге жол бермеу. Заң қабылданғаннан кейін мұғалімдерді өздеріне тән емес жұмыстарға тарту жағдайы азайды. Мәселен, қалалық сенбіліктерге, жаппай іс-шараларға қатыстыру немесе жөндеу жұмыстарына мәжбүрлеу фактілері сиреді. Бұл педагогтің басты міндеті – сапалы білім беру мен тәрбие жұмысына назар аударуына мүмкіндік береді.

**– Педагогтің ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтірген немесе оған құрметсіздік танытқан жағдайда қандай жауапкершілік қарастырылған?**

– Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 409-бабында педагогтің заңды қызметіне кедергі келтіру және оның құқықтарын бұзу жағдайларына қатысты жауапкершілік көзделген. Мұғалімнің ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлау сияқты әрекеттер үшін заңда әкімшілік шаралар қарастырылуы мүмкін. Нақты жауапкершілік құқықбұзушылықтың мән-жайына және қолданыстағы заң нормаларына байланысты айқындалады. Егер құқыққа қайшы әрекетті кәмелетке толмаған бала жасаса, заңда көзделген жағдайларда оның ата-анасы немесе заңды өкілі жауапқа тартылуы мүмкін. Қайталанған құқықбұзушылық үшін жаза қатаңдауы ықтимал.

**– Мұғалімге өзіне тән емес міндеттер жүктелсе, ол не істеуі керек?**

– Педагог өз құқықтарын білуге және лауазымдық міндеттеріне кірмейтін жұмысты орындаудан заңды негізде бас тартуға құқылы. Оның кәсіби қызметі қолданыстағы заңнама шеңберінде жүзеге асырылуы керек. Тіпті педагог қандай да бір қосымша жұмысқа келісім берген күннің өзінде, бұл оның заңмен бекітілген құқықтары мен кепілдіктерін жоймайды. Егер осындай жағдайлар туындаса, педагог тиісті аумақтық департаментке немесе білім басқармасына жүгіне алады.

**– Педагогтің кәсіби күйзеліске ұшырауына қандай факторлар әсер етеді? Мұндай тәуекелдің алдын алу үшін не істеліп жатыр?**

– Мұғалімнің жұмысы сабақ өткізумен ғана шектелмейді. Ол сабаққа дайындалады, оқушылардың жұмыстарын тексереді, оқу материалдарын әзірлейді, құжаттар мен есептерді толтырады. Бұған қоса, ата-аналармен және әкімшілікпен қарым-қатынас барысында эмоционалдық қысымға тап болуы мүмкін. Мұның барлығы кәсіби күйзеліске әкелуі ықтимал. Сондықтан педагог мамандығына даярлау кезінде талапкерлердің академиялық көрсеткіштерімен қатар, психологиялық дайындығына да назар аудару маңызды. Қазіргі педагог икемді, жаңашылдыққа ашық, балалармен тіл табыса білетін әрі кәсіби тұрғыдан тұрақты маман болуы қажет.

**– Қазіргі қоғамда мұғалімнің рөлі қалай өзгеріп келеді?**

– Бүгінгі мұғалім – тек білім беруші емес, ол – тәлімгер, психолог, бағыт-бағдар көрсетуші және кей жағдайда тараптар арасындағы түсіністікті қалыптастыратын медиатор. Педагог үнемі дамып, жаңа әдістерді меңгеріп, дәстүр мен инновацияны оқушының мүддесіне сай ұштастыра білуі керек. Қиындықтарға қарамастан, бұл мамандық қоғамға нақты ықпал етуге және жас ұрпақтың қалыптасуына үлес қосуға мүмкіндік береді.

**– Биылғы заңнамалық өзгерістер туралы да айта кетсеңіз.**

– Мемлекет басшысы 2026 жылғы 12 маусымда педагог мәртебесі, білім беру, денсаулық сақтау және бала құқықтарын қорғау мәселелері бойынша бірқатар заңнамалық өзгерістерге қол қойды. Қабылданған түзетулер педагогтердің құқықтарын қорғауды күшейтуге, білім беру саласындағы жекелеген мәселелерді реттеуге бағытталған. Сонымен бірге «Педагог мәртебесі мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексіне өзгерістер енгізу туралы» Заңға да қол қойылды. Бұл өзгерістердің мазмұны мен қолданылуы тиісті заңнамалық нормаларға сәйкес жүзеге асырылады.

**– Білім беру ұйымдарында оқушылардың ұялы телефон қолдануына қатысты қандай өзгеріс көзделген?**

– «Білім туралы» Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне орта білім беру ұйымдарында білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ұялы байланыс құрылғыларын пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту өкілеттігі беріледі. Мұндай тәртіп білім беру процесін ұйымдастыруға қатысты ортақ талаптарды айқындауға мүмкіндік береді. Ең маңыздысы – кез келген қағида оқушының білім алу мүддесі мен қауіпсіздігін ескере отырып іске асырылуы керек.

**– Педагогтің немесе білім беру ұйымы басшысының оқушыларға қатысты орын алған оқиғаларда жауапкершілігі қалай айқындалады?**

– Заңға педагогтің және білім беру ұйымы басшысының білім алушылармен немесе тәрбиеленушілермен болған оқиғаларға қатысты жауаптылығын нақтылайтын норма енгізілді. Оған сәйкес, жауаптылық кәсіби қызметті жүзеге асыру кезеңінде, соның ішінде білім беру қызметіне байланысты лауазымдық міндеттерді орындау барысында болған оқиғаларға қатысты айқындалады. Мұндай мәселелер әр оқиғаның мән-жайына және заң талаптарына сәйкес қаралады.

**– Білім беру саласында заң мен тәртіпті сақтау үшін қандай жұмыс жүргізілуі керек?**

– Заң мен тәртіп – білім беру саласындағы барлық тарапқа ортақ әрі міндетті қағида. Өңірлік білім басқармалары мен білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі аумақтық департаменттер түсіндіру жұмыстарын жүргізумен шектелмей, өз құзыреті аясында заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуі керек. Педагогтер өз құқықтары бұзылған жағдайда тиісті органдарға тікелей жүгіне алады. Ал мемлекеттік саясатты жергілікті деңгейде тиімді іске асыруда жергілікті атқарушы органдардың да рөлі ерекше.

**– Сөз соңында педагог мәртебесін көтеру туралы ойыңызды айта кетсеңіз.**

– Мұғалімнің беделін жасанды түрде көтеру мүмкін емес. Педагог мәртебесі – жай ғана сөз емес, ол үлкен жауапкершілік пен қоғамға қызмет етудің көрінісі. Өз ісіне адал, кәсіби міндетін жауапкершілікпен атқаратын мұғалім қоғамның құрметіне лайық. «Педагог мәртебесі туралы» Заң мұғалімді ұлттың стратегиялық ресурсы ретінде тануға және оның қоғамдағы орнын нығайтуға негіз болды. Сондықтан педагогтің құқығын қорғау, кәсіби дамуына жағдай жасау және еңбегін құрметтеу – баршамызға ортақ міндет.

**– Әңгімеңізге рахмет.**

**Сұхбаттасқан Тоғжан ЖОЛДЫҒАЛИ**

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

# МАНСАП ОРТАЛЫҒЫ – МОЛ МҮМКІНДІК МЕКЕНІ

***Ауылдың тыныс-тіршілігі еңбекпен біте қайнасып жатыр. Таңмен таласа тіршілігін бастап, отбасын асырап, кәсібін дөңгелетіп отырған ауыл адамдарының басты мұратының бірі – тұрақты табыс пен берекелі жұмыс. Ал жұмыс іздеген азаматқа бағыт-бағдар беру, кәсіби тұрғыдан қолдау көрсету, жаңа мүмкіндік ұсыну – бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі.***

● Серік САТЫБАЛДИЕВ



Бұл орайда Жамбыл аудандық мансап орталығының атқарып отырған жұмысы айрықша мәнге ие. Орталықтың қызметі жұмыссыз азаматтарды есепке алумен ғана шектелмейді. Мұнда тұрғындарға тұрақты жұмысқа орналасу, кәсіптік білім алу, мемлекеттік грант иелену, уақытша жұмыспен қамтылу және өз кәсібін бастауға мүмкіндік беретін мемлекеттік қолдау шаралары туралы қажетті ақпарат беріледі. Мекеменің жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №728 қаулысымен бекітілген «Еңбек нарығын дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» шеңберінде жүзеге асырылуда.

Жұмыспен қамту саласындағы негізгі көрсеткіштердің бірі – азаматтарды тұрақты жұмысқа орналастыру. Биыл аудан бойынша 2000 азаматты тұрақты жұмысқа орналастыру жоспарланған. Бүгінгі таңда олардың 1350-і еңбекпен қамтылып, жоспардың 68 пайызы орындалды. Бұл – жай ғана статистикалық көрсеткіш емес. Әр санның артында еңбекке араласқан азамат, отбасының тұрмысына қосылған табыс және болашаққа жасалған жаңа қадам бар. Жұмыс орындарының болуы еңбек нарығының негізгі көрсеткіштерінің бірі десек, бұл бағытта ауданда нақты жұмыс жүргізілуде. Биыл 4472 жаңа жұмыс орнын құру жоспарланған. Қазіргі күнде 3208 жаңа жұмыс орны ашылып, жоспардың 72 пайызы орындалды.

Мансап орталығының директоры Қайратхан Баймолдаевтың айтуынша, атқарылып жатқан жұмыстың негізгі өзегі – халыққа нақты қолдау көрсету. «Біз ауыл тұрғындарының жағдайын жақсартуға қызмет етеміз», – дейді орталық басшысы. Бұл сөздің астарында үлкен жауапкершілік жатыр. Себебі жұмыспен қамту – бір ғана бос жұмыс орнын ұсыну емес, адамның еңбек етуге деген мүмкіндігін кеңейту, оның кәсіби әлеуетін жүзеге асыруға жағдай жасау.

Кәсіп үйренем деген жанға мұнда жаңа мүмкіндік ұсынылады. Қазіргі еңбек нарығы кешегіден өзгерек. Жаңа кәсіп түрлері пайда болуда. Сондықтан азаматтың бір мамандықпен шектелмеуі қажет. Осы мақсатта қысқа мерзімді кәсіптік оқыту бағыты бойынша биыл 96 азаматты оқыту жоспарланған. Бүгінде 94 азамат курстан өтті. Бұл мүмкіндік, әсіресе мамандығы бойынша жұмыс таба алмай жүрген немесе жаңа кәсіп игергісі келетін азаматтар үшін маңызды. Қысқа мерзімді оқу арқылы адам жаңа кәсіпті меңгеріп қана қоймай, еңбек нарығында өзіне қажет жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Ал өз ісін бастауға ниетті азаматтар үшін мемлекеттік гранттардың маңызы зор. 2026 жылы бұл бағыт бойынша 120 азаматты қамту көзделген. Бірінші кезеңде 60 азаматқа грант беру жоспарланып, қазіргі уақытта 58 үміткерден өтінім қабылданып, мақұлданды. Келесі кезең бойынша конкурстық іріктеу жұмыстары қарастырылуда. Кәсіп бастау – үлкен жауапкершілік. Дегенмен, қажетті қолдау мен дұрыс бағыт болған жағдайда, ауылдық жерде де шағын кәсіпті дамытуға мүмкіндік бар. Бұл тұрғынның өзіне табыс көзі болса, жергілікті жерде жаңа қызмет түрлерінің пайда болуына ықпал етеді.

Жұмыс іздеуші мен жұмыс берушіні байланыстыруда бос жұмыс орындары жәрмеңкесінің де өзіндік орны бар. Мұндай шаралар азаматтарға бірнеше жұмыс берушімен бір жерде кездесіп, өзіне қажетті ақпаратты тікелей алуға мүмкіндік береді. Мансап орталығы директорының орынбасары Әділет Қасымбектің айтуынша, бос жұмыс орындары жәрмеңкесі жүйелі түрде ұйымдастырылып отырады. «Жәрмеңкенің тиімділігі де осында. Бір жағынан, жұмыс беруші өзіне қажетті маманды іздесе, екінші жағынан, жұмыс іздеуші бірнеше ұсынысты салыстырып, өзіне қолайлысын таңдауға мүмкіндік алады. Мұндай кездесулер еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың арасын жақындата түседі. Сондай шараның бірін жуырда орталық базарда өткіздік», – дейді Әділет Бақытұлы.

Мансап орталығының жұмысы тұрақты жұмыс орындарымен ғана шектелмейді. Уақытша жұмыспен қамту жобалары да азаматтардың еңбекке араласуына мүмкіндік беріп отыр. Мәселен, қоғамдық жұмыстарға 648 азаматты тарту жоспарланған болса, бүгінгі таңда 663 адам уақытша жұмыстарға жіберілді. Осылайша жоспар 102 пайызға орындалды. Әлеуметтік жұмыс орындары бойынша да жоспар артығымен жүзеге асты. Жыл ішінде 153 азаматты қамту көзделсе, қазіргі таңда 166 азамат уақытша жұмысқа орналастырылып, көрсеткіш 106 пайызға жетті.

Мұндай жобалардың азамат үшін маңызы – еңбек тәжірибесін жинақтап, белгілі бір уақыт аралығында табыс табуға мүмкіндік алуында. Кей жағдайда уақытша жұмыс адамның тұрақты еңбекке орналасуына жол ашатын алғашқы баспалдаққа айналады. Жастарды жұмыспен қамту да – назардағы бағыттардың бірі. Биыл жастар тәжірибесіне 166 азаматты тарту жоспарланған. Бүгінде 102 жас уақытша жұмысқа жіберіліп, жоспардың 61 пайызы орындалды. Жастар тәжірибесі – оқу орнын жаңа тәмамдаған жас маманның еңбек ұжымына бейімделіп, алғашқы тәжірибе жинақтауына мүмкіндік беретін маңызды тетік. Ал еңбек нарығында тәжірибесі мол аға буын өкілдері үшін «Күміс жас» жобасының берері бар. Биыл бұл жоба бойынша 82 азаматты қамту жоспарланған және қазіргі таңда жоспар толық орындалып, 82 азамат уақытша жұмысқа орналастырылды.

Еңбекпен қамту бір ғана мекеменің жұмысы емес. Бұл бағытта жұмыс берушілердің, мемлекеттік органдардың және ең бастысы, еңбек етуге ниетті азаматтардың өзара байланысы маңызды. Мансап орталығы осы тараптардың арасын жалғап, тұрғынға қолжетімді мүмкіндіктерді түсіндіріп, еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсынысты сәйкестендіруге күш салады. Келтірілген көрсеткіштер атқарылған жұмыстың ауқымын аңғартады. Бір бағытта жоспар толық орындалса, енді бірінде жұмыс жалғасып жатыр. Ал мұның барлығының түпкі мақсаты бір – аудан тұрғындарының еңбекке араласуына жағдай жасау.

Жұмыс іздеген адамға кейде тек бос жұмыс орны ғана емес, дұрыс кеңес, жаңа мамандық немесе өз ісін бастауға мүмкіндік қажет. Біріне қысқа мерзімді оқу керек болса, енді біріне мемлекеттік грант қолдауы қажет. Бір азамат уақытша жұмыстан тәжірибе жинаса, екіншісі сол тәжірибесін тұрақты еңбекке айналдырады. Сондықтан келтірілген әр көрсеткіштің артында еңбекке ұмтылған адам, оның отбасы және болашаққа деген жоспары тұр.

Ауылдың әлеуеті – еңбекқор халқында. Ал еңбек етуге ниетті азаматқа жол көрсетіп, мүмкіндігін пайдалануына жағдай жасау – ортақ міндет. Бүгінде аудан көлемінде жүзеге асырылып жатқан жұмыспен қамту шаралары осы мақсатқа қызмет етіп келеді. Еңбек бар жерде – береке бар. Ал сол еңбекке бастайтын жолды табуға көмектесетін мүмкіндік бар жерде ауылдың да, ауданның да әлеуеті арта түсетіні анық.


***Жамбыл ауданы***

ӨНЕР

# БОЯУҒА ЖАН БІТІРГЕН

*Жамбыл ауданы өнер адамдарынан қашанда кенде болған емес. Бұл топырақтан талай ақын-жыршы, мәдениет майталманы шыққан. Солардың бірі – бір бойына бірнеше өнерді тоғыстырған Әуелбек Ысқақ. Оның негізгі мамандығы – суретші. Алайда қылқаламмен қатар суырыпсалмалық қыры да бар. Кезінде айтыс өнерінің жалауын желбіреткен Әлімқұл Жамбылов, Надежда Лушникова, Есенқұл Жақыпбеков сияқты ақындармен бірге талай сөз сайысына түскен.*

*Ол 1959 жылы 21 ақпанда қазіргі Үмбетәлі ауылында дүниеге келген. 1980 жылы Абай атындағы ҚазПИ-дің көркемсурет-графика факультетін бітірген. Еңбек жолын туған ауылындағы Ү.Кәрібаев атындағы мектепте сурет және сызу пәні мұғалімі болып бастаған. 2011-2023 жылдары Халық ақыны Үмбетәлі Кәрібаевтың әдеби-мемориалды музейін басқарды. Қазақстан Суретшілер одағының және Қазақстан Көркемсурет академиясының мүшесі, Жамбыл ауданының Құрметті азаматы. Қос өнердің тізгінін қатар ұстаған Әуелбек ЫСҚАҚПЕН әңгімеміз балалық шағы, суретшілікке келуі, өлеңге әуестік, ұстаз бен шәкірт және қазіргі бейнелеу өнері туралы өрбіді.*



**– Әуелбек аға, сіз бірнеше марапаттың иегерісіз. Соның ішінде «Ұлы елдің тарандысы» төсбелгісінің орны ерекше сияқты. Бұл қандай марапат?**

– Бұл – Көркемсурет академиясының жоғары наградаларының бірі. Суретшілерге, қолөнер шеберлеріне, дәстүрлі әншілерге беріледі. Өзім бұл төсбелгіні алғаныма бес-алты жыл болды. «Таранды» сөзінің бір мағынасы – қамал бұзатын қару дегенді білдіреді. Төсбелгіні маған Көркемсурет академиясының президенті, белгілі суретші Амандос Ақанаевтың өзі Үмбетәлі музейіне келіп тапсырған.

Мен үшін тағы бір маңызды марапат – бұдан екі жыл бұрын сурет өнеріне сіңірген еңбегім үшін Алматы облысы әкімдігінің «Ақтаңгер» сыйлығына ие болуым. Мұндай марапаттар, әрине, шығармашылық адамына жауапкершілік жүктейді. Өнердегі ізденісті тоқтатпауға ынталандырады.

**– Суретшілік өнерге қызығушылығыңыз қашан басталды?**

– Бала кезімнен басталды. Басқа балалар сай-салада балық аулап, асық ойнап жүргенде, мен соларға еріп барғанымменен, қолыма үшкір темір алып, жартасқа сурет салатынмын. Негізі сурет өнері маған әкем Мұсаханнан дарыған деп ойлаймын. Ол кісі Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан майдангер еді. Кәсіби суретші болмағанымен, табиғи таланты бар, суретті өте жақсы салатын. Ал ақындық өнер анам Зейнептен дарыды деп толық айта аламын. Анам – халық ақыны Үмбетәлі Кәрібаевтың қызы. Бірақ адамның бойындағы қабілеттің ашылуына ұстаздың ықпалы өте зор. Алматыдағы №9 мектеп-интернатта оқып жүрген кезімде сурет өнеріне қабілетімді ұстаздарым Сапа Ысқақов пен Керімбай Қыстаубаев байқапты. Екеуі маған көп қолдау көрсетіп, шығармашылыққа баулыды.

**– Ал ақындыққа кім баулыды? Айтысқа қай жылдары түстіңіз?**

– Ақындық өнерге ынталандырған ұстаздарымның қатарында алдымен Шәрбану Сыздықова мен Мұқағали Мақатаевтың жары Лашын апайды атаймын. Сыныптас досым Ерік Асқаров екеуміз Мұқағалидың өлеңдерін жатқа оқитынбыз. Ерік кейін бүкіл қазаққа танымал айтыскер ақын атанды. Лашын апай біздің ақын өлеңдерін жатқа оқитынымызды көріп, Мұқағалиды мектепке ертіп келіп, Ерік екеумізге «Өмірдастан» кітабына қолтаңба жаздырып бергені есімнен кетпейді. Ал сол жылдары салған графикалық суреттерім мен жазған өлеңдерім «Қазақстан пионері», «Лениншіл жас» сияқты басылымдарда жарияланып тұрды.

1980-2000 жылдары облыстық, республикалық ақындар айтыстарына бірнеше мәрте қатыстым. Сол кездегі белгілі ақындар Надежда Лушникова, Есенқұл Жақыпбеков, Ханша Райысова, Ермек Жұматаев және басқа да ақындармен сөз сайысына түстім. Ақындық өнерді сурет өнерімен қатар алып жүрдім. Бүгінде алты поэзиялық кітабым жарық көрді.

Өзім туралы бір өлеңімде:

*«Мамандығым – суретшімін,*
*Қолымда қыл қаламым.*
*Бояуларға жан бітіріп,*
*Бейнелерді саламын.*

*Шабыттанған сәттерімді*
*кей кезде,*
*Домбырадан аламын.*
*Өйткені мен, ағайын,*
*Үмбетәлі, «қара жорға» ақынның немересі боламын...»,* – деп жазғанмын.

Мен өзімді бір ғана өнердің өкілімін деп есептемеймін. Өнердің түрлері бір-бірімен сабақтасып жатады. Өлеңде де, суретте де адамның ішкі дүниесі, сезімі, ойы көрініс табады.

**– Қазір өзіңіз сурет өнеріне көбірек ден қойып жүрсіз. Қандай жанрларда жұмыс істейсіз?**

– Қазір таза шығармашылықпен айналысып жүрмін. Әртүрлі жанрда, әртүрлі тақырыпта кенеп бетіне кескіндеме салуға көңіл бөліп жүрмін. Портрет, пейзаж, натюрморт, графика жанрларында жұмыс істеймін. Қолым қалт етсе, табиғат аясына шығып, сол жерде сурет салғанды ұнатамын. Қазір жеке қорымда осы жанрлардың барлығын қосқанда 200-ден астам жұмысым бар. 2014 жылы Халық ақыны Үмбетәлі Кәрібаевтың әдеби-мемориалды музейін көркемдеуге де атсалыстым. Музей саласындағы тәжірибем мен суретшілік қабілетімнің бұл жерде пайдасы тиді.


Менің салған суреттерім Сүйінбай, Жамбыл, Үмбетәлі, Әлия Молдағұлова, Шоқан Уәлиханов музейлерінде тұр. Сондай-ақ бірқатар еңбектерім республикалық «Таңбалы» музей-қорығында, Жаркенттегі Әбілхан Қастеев музей-галереясында, Талдықорғандағы сурет галереясында және Ресейдің Саха Республикасының галереяларында сақтаулы. Бұл – суретші үшін үлкен мәртебе. Өйткені салған дүниеңнің ел игілігіне жарағаны, музей төрінен орын алғаны – еңбегіңнің бағаланғанын көрсетеді.

**– Бүгінде технология дамып, сурет салудың да түрлі жаңа тәсілдері пайда болды. Қазіргі бейнелеу өнерінің алған бағытына көзқарасыңыз қандай?**

– Қазір техника қатты дамыды. Соған байланысты жасанды жолмен сурет салу да қарқын алды. Мен оған сақтықпен қараймын. Өйткені техника тірі суретшінің алуан бояуын, композициялық шешімін, көңіл-күйін табиғи түрде бере алмайды. Жасандылығы көрініп тұрады. Адам оған қарап, суретшінің жандүниесін сезіне бермейді. Ал нағыз суретшінің жұмысы – басқа. Ол бояуды жай ғана түс ретінде пайдаланбайды. Әр түстің өзіне жан бітіреді. Табиғаттағы жарықты, көлеңкені, адамның көңіл-күйін жеткізу үшін суретшінің өз талғамы мен шеберлігі қажет. Дегенмен қазіргі қазақтың орта буын және жас суретшілері Қастеев, Телжанов салған сара жолды жалғастырып келеді. Жасандылықтан қашып, табиғилыққа бет бұрып жүрген жастар бар.

**– Шығармашылық ортаңыздағы әріптестеріңіз туралы айтсаңыз.**

– Менің жан досым, сыныптасым әрі курстасым – Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, «Барыс», «Парасат» ордендерінің иегері, алыс-жақын шетелге танымал суретші Алпысбай Қазығұлов. Сонымен бірге өнер жолындағы інім, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, Қазақстанға ғана емес, шетелге де танымал суретші, Жамбыл ауданы Беріктас ауылының тумасы Марат Төтеевпен тығыз шығармашылық байланыстамын. Өнерде араласатын, пікір алмасатын адамдардың болғаны жақсы. Бір-біріңнің жұмысыңа сырт көзбен қарайсың, тәжірибе бөлісесің. Қазір облыс әкімдігі мен мәдениет басқармасы суретшілерге көңіл бөліп жүр. Облыс басшыларының қолдауымен халықаралық, республикалық пленэрлер мен симпозиумдар ұйымдастырылды. Суретшілерге ақшалай сыйлықтар берілді. Мен сол шаралардың барлығына қатыстым.








**– Сіз үшін суретшілік туабітті қабілет пе, әлде оны арнайы оқып-үйренуге бола ма?**

– Негізгі талант туабітті деп ойлаймын. Мен сурет салуды арнайы оқымай-ақ, бала кезімнен өз бетімше үйрендім. Бірақ кәсіби суретшінің қалыптасуы үшін арнайы академиялық білім керек. Мысалы, Әбілхан Қастеев еш жерде арнайы оқымай-ақ керемет сурет сала білді. Кейін жиырма жастан асқан шағында білім алды. Меніңше, суретшінің алғашқы ұстазы – адам емес, табиғат пен қоршаған орта. Суретші табиғаттан жай адам байқай бермейтін көріністі, түстерді, реңкті көре білуі керек. Кейде бір қарағанда қарапайым ғана көрініс болады. Бірақ суретші оның ішінен бір ерекшелік табады. Сол ерекшелікті кенепке түсірген кезде шығарма дүниеге келеді.

**– Шәкірттеріңіздің арасында өнер жолын таңдағандар көп пе?**

– Көптеген шәкіртім сурет, сәулет өнері бағытындағы жоғары оқу орындарына түсіп, білім алып жүр. Көбінің атын ұмытып та қалдым. Бірақ олардың өнер жолын жалғастырып жүргенін естимін. Биыл Дәулетхан Мәрлен сурет мамандығына оқуға түсті. Бұл мен үшін қуаныш. Балаларға суретпен бірге сызудың да маңызын түсіндіремін. Өйткені сурет пен сызу – егіз өнер. Жердегі құрылыс, техника, сәулеттің бәрі сызудан басталады. Өкінішке қарай, сызу пәні мектеп бағдарламасынан алынып тасталды. Мен мұны дұрыс шешім деп есептемеймін. Қазіргі мектеп оқушыларының көбі сызудың не екенін білмейді. Ал сызу – баланың кеңістікті ойлау қабілетін қалыптастырады. Техникаға, құрылысқа, сәулет өнеріне қызығатын бала үшін оның маңызы зор.

**– Бейнелеу өнерін мектепте оқыту мәселесіне де алаңдайсыз. Неліктен?**

– Мектепте сурет пәнін жеке пән ретінде енгізу керек деп есептеймін. Қазір оны еңбек пәнімен қосып тастаған. Сонда бала ағаш жонып, шеге қаға ма, әлде сурет сала ма? Екеуі екі бөлек қабілетті қажет етеді ғой. Сурет – адамзаттың ең алғашқы өнерлерінің бірі. Жазу пайда болмай тұрып-ақ адам өз ойын сурет арқылы жеткізген. Адамдар жерге, құмға, жартасқа сызып, өз ойларын білдірген. Бейнелеу өнері адамның кеңістікті ұғуына, қоршаған ортаны тануына, табиғат пен адамның қарым-қатынасын түсінуіне үлкен әсер етеді. Мысалы, фотограф түсірген суретте белгілі бір мөлшердегі түстер ғана көрінуі мүмкін. Ал суретші сол түстерді ондаған реңкке айналдырады. Өйткені суретші табиғаттағы бояуды көзбен ғана емес, көңілмен де қабылдайды. Сурет салған баланың ой-өрісі, қиялы дамиды. Сондықтан бейнелеу өнерін баланың тәрбиесі мен білімінің бір бөлігі ретінде қарау керек.

**– Өнер жолында қанша жыл жүрсеңіз де, шығармашылықтан қол үзбей келесіз. Қандай күш сізді алға қарай жетелеп келеді?**

– Ол – өнерге деген қызығушылық. Суретші үшін ең бастысы – тоқтап қалмау. Қанша жасқа келсең де, жаңа нәрсе іздеуің керек. Табиғатты бақылау, адамдарды тану, жаңа дүниелерді көру – бәрі шығармашылыққа әсер етеді. Менің мамандығым – суретші. Қолымда қылқаламым бар кезде, бояуларға жан бітіріп, өз ойымды жеткізуге тырысамын. Зейнетке шыққаннан кейін де шығармашылықты тоқтатқан жоқпын. Керісінше, бос уақытым көбейген соң бұрын ойда жүрген дүниелерді жүзеге асыруға мүмкіндік туды. Сонымен қатар жастарға үйретіп жүрмін. Меніңше, өнердің ең үлкен жалғастығы – шәкірт. Сондықтан қолымнан келгенше сурет сала беремін, жастарға үйрете беремін. Өйткені өнер – мәңгілік.

**– Әңгімеңізге рахмет!**

**Сұхбаттасқан –**
**Серік САТЫБАЛДИЕВ**

## ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА

# Іледе кеме жүзген

**Алматы облыстық мемлекеттік архивіндегі №13 Алматы облысының кәсіподақ комитеті, №489 Жетісу губерниялық атқару комитеті және №1 Алматы облыстық бақылау комиссиясы қорларының тарихи құжаттарын зерделей келе, Іле өзені бойында жүк тасымалы кемелерін жүргізу ісінің бастауы Жетісудың Ресей империясына қараған тұсымен қатар келгенін аңғаруға болады. Өлкенің өткен тарихынан көп мәлімет беретін, Түркістан әскери округі шығарған, бас штабтың подполковнигі Д.Федоровтың 1903 жылы жарық көрген «Іле өлкесінің әскери-статистикалық сипаттамасын жасау тәжірибесінен» атты еңбегінде Іле-Балқаш кеме жүргізу ісінің тарихына қатысты маңызды мәліметтер берілген.**



Іле өзенінде ең алғашқы кеме 1854 жылы Верный бекінісі салына бастаған кезде жүре бастаған. Тасымал кемесі Іле бойымен Верный маңайындағы әскер мен казак қоныс аударушыларға азық-түлік жеткізу мақсатында пайдаланылған. Осылайша, Қарқаралы станицасынан Верныйға 800 пұт астықты Балқаш көлі мен Іле өзені арқылы жеткізу мақсатында желкенді кеме Бертіс айлағынан шығып, Илийск қалашығына дейін бірінші рет сапар шекті. 1855 жылы Алматы маңайында егіннің бітік шығуына байланысты азық-түлікті өзенмен тасымалдау қажеттілігі жойылып, кеме қараусыз қалған. Арнайы желкеннің көмегімен жүзген кеме Бертіс айлағынан Илийск мекеніне 72 күн жүрсе, қайтар сапары 17 күнге созылған.

Қытайға қарайтын Құлжа өлкесін орыстар жаулап алғаннан кейін белгілі кеме жасаушы, шебер А.Козелл-Пакловский Норман 1883 жылы Сүйдін қаласына бидай жеткізу тапсырысын орындау үшін Іле өзені арқылы кеме қатынасын жүзеге асырды. Арнайы жасақталған кеме жаркенттік көпес Уәлиахун Юлдашевтың қаражатына жасалды. Алайда 800 пұт бидай жеткізуге пайдаланылып, алғашқы сапарын орындап шыққан кемеге қайта жөндеу қажеттілігіне орай зор шығын талап етілген соң, кеме күрделі жөндеу жасалмастан бөлшектеліп, сатылған. Іле өзені арнасымен Сүйдін айлағына жасалған бұл сапарға Дала генерал-губернаторлығы назар аударып, Колпаковскийдің тапсырмасымен әскери топограф Креков Ертіс бойындағы Семияр-Павлодар айлағынан Балқаш көліндегі Бертіс айлағына дейінгі су жолын зерттеді. Зерттеудің түпкі мақсаты Ертіс өзені су жолын Балқаш көлі мен Іле өзені су жолына жалғау арқылы Қытай иеліктерімен қарым-қатынас мүмкіндіктерін айқындау болды. Крековтың зерттеулері су жолының бұл бағытында су мөлшерінің аздығынан дөңгелекті кеме жүргізу мүмкіндігі шектеулі екенін анықтады. Осылайша, Іле-Балқаш бойымен кеме қатынасын жолға қосу бастамалары тығырыққа тіреледі.

XX ғасырдың 20-жылдарында кеңестік билік тарапынан Іле пароходтығын жасау жоспары қолға алынды. 1924 жылы тамыз айында Іле өзені бойымен кеме жүргізудің мүмкіндіктерін зерттеу мақсатында арнайы экспедиция жасақталып, жолға шықты. Бұл экспедиция Іле өзенін Балқаш көлінен бастап Қытаймен жалғау мүмкіндіктерін зерттеді. Нәтижесінде Іле өзені жүк тасымалын атқару үшін ыңғайлы әрі арзан тәсіл ретінде анықталды. 1926 жылдан бастап Іле кеме қатынасы ұйымдастырылды. Осы жылы Іле өзеніне Түркіменстанның Чарджоу кеме жөндеу зауытында жасалған екі бұрандалы «Коммунар» және «Қазақстандық» қайықтары түсірілді.

Іле өзені бойымен кеме қозғалысын жолға қою үшін қажетті отын көзі туралы сұрақ маңызды болды. Қазақ АКСР халық комиссарлар кеңесі комиссиясының төрағасы Ә.Әлібеков кеме қозғалысы үшін таскөмір немесе сексеуіл қажеттілігін ескеріп, Жетісу губерниялық жоспарлау бөліміне аталған отын түрлерінің қорын, оның жеткізу жолдарын анықтауды тапсырған. 1926 жылдың 7 қыркүйегінде жоспарлау бөлімі төрағасының орынбасары Шебалин орман бөлімінің анықтамасы негізінде болашақ кеме қатынасы мекемесі үшін қарағайдың текше метрін 25-30 сомнан сатып алынатынын хабарлаған. Таушелектен Шелек өзені арқылы Илеге қарай ағызу мүмкіндігі нақтыланды. 1926 жылдың жазында Ленинградтан арнайы зерттеу экспедициясымен келген Геологиялық комитетінің тау инженері Андрей Кириков Қалқан шатқалындағы таскөмір қоры бойынша зерттеу жүргізген.

1926 жылдың 4 қыркүйегінде Жетісу губерниялық орман бөлімі бұл мәселеге орай біршама ақпарат береді. Іле бойындағы тоғайларда жыл сайын сексеуіл, тораңғы және басқа да ағаш түрлерінен 30 000 түп, яғни 4 500 000 пұт отын дайындауға болатынын көрсеткен. Отынды дайындау пункттері Іле өзенінің тұтас бойында, Қытай шекарасынан Балқаш көліне дейін созылып жатты. Бір текше метр отынды жеткізу бағасы 12-20 сом аралығында болатыны, өзінің құны 4-6 сомды құрайтыны анықталды. Кеме қатынасына керек отынды дайындау үшін жергілікті халықты олардың науқандық жұмыстардан бос кезеңі – 1 қазан мен 1 сәуір аралығында жұмылдыру ескертілді. Мұны орман бөлімінің меңгерушісі А.Мартаков хабарлаған.

1927 жылы Іле өзенінде кеме қатынасы ашылды. Архив құжаттары Іле өзеніндегі қозғалыс 25 наурызда ашылып, 12 қарашада жабылатынын, ал Балқаш көлінде 25 сәуірде ашылып, 27 қарашада жабылатынын көрсетеді. 1932 жылы кеме қатынасы мекемесінде көрсетілген жоспарға сай, Балқаш көлінде 90 000 тонна, Іле өзенінде 15 946 тонна, жалпы бассейн бойынша 95 946 тонна жүк тасымалдау міндеттелді. Іле флотында жолаушылар тасымалдау мүмкіндігінің жоқтығына қарамастан, 1932 жылы Балқаш көлі мен Іле өзені арқылы 5 660 қоныс аударушыны қоса есептегенде, жалпы саны 14 536 адам тасымалданған. Кей жылдары Іле өзеніндегі су қорының азаюына байланысты Іле-Балқаш бойымен жүк тасымалы жоспары орындалмай қалған. Су жолдарында кемелердің апатқа ұшырауы да орын алып тұрған. 1932 жылғы мәліметтерге сәйкес, 19 су апаты болып, жалпы көлемі 82284 сом шығын келген. Су кемелерінің апатқа ұшырауына олардың суасты заттарға ұрынуы, жағалауға соқтығысуы, тесіліп суға батуы, басқару қондырғыларының бұзылуы себеп болған. 1932 жылы КСРО су халық комиссариаты өзен пайдалану-техникалық басқармасы бүкілодақтық кеме жасау және кеме жөндеу бірлестігімен Балқаш көліне 300 индикаторлық күші бар үш пароход, 200 индикаторлық күші бар бір пароход және әрқайсысы 250 тоннаға жуық жүк көтеретін, қауіпсіз жүзуге арналған қосымшаға бекітілген корпусы бар жеті булы емес темір кеме жасауға келісімшартқа отырады. Іле-Балқаш өзен жолдарымен жүзетін «Ленин», «Голощекин», «Қазақстанға он жыл», «Дүнген», «Балқаш» атты кемелер болған.

Алайда кеме құрылысы келісімшартта көрсетілген мерзімнен ұзақ уақыт дайындалғанын көруге болады. 1932 жылдың 1 шілдесіне межеленген құрылыс 1933 жылдың 1 мамырына ауыстырылды. Кемелерге кететін қаржы шығыны да нақтыланды. 200 индикаторлық күші бар жолаушылар пароходын жасауға 500 000 сом, жүк тасымалдайтын баржалардың әрқайсысын жасауға 150 000 сом, жалпы көлемі 1 миллион 555 мың сом қаржы жұмсау жоспарланды. 1932 жылы Үкімет қаулысымен Балқаш көлінде жүк тасымалына арналған флот пен мыс балқыту комбинатын салу үшін көлдің Бөрілітөбе айлағында «Балхашкемежасау» мекемесі құрылды. Бөрілітөбедегі кеме құрылысының жүргізілуі бойынша арнайы есептерде құрастыру жұмыстарының межеленген мерзімнен кешіккені көрсетіледі. Кеме құрылысына қажетті материалдар да уақытында жеткізілмеген. Жұмыс күшінің сырттан әкелінуі де құрылыс екпінін баяулатқан. Сондықтан кеме құрастыру жұмыстарына жергілікті тұрғындарды тарту назарға алынды. Құрылыс басқармасы есептерінде жергілікті қазандық жасаушылар Алдасүгіров, Таймасовтардың аттары аталып, бұлардан өзге от жағушы қазақ әйелдерінің жұмыс істейтіні көрсетілген. 1933 жылдың басына қарай мұнда жұмыс істеген 120 адамның 75-і қазақ, оның ішінде 8-і әйел болған.

1947 жылы Бертіс айлағы Балқаш пайдалану учаскесі болып қайта құрылып, ол дербес бөлімше мәртебесін алды. Іле-Балқаш кеме қатынасы мекемесі кәсіподағының топтық комитеті мәжілістерінде су жолдарымен жүк тасымалы сияқты шаруашылық мәселелермен қатар, жұмысшылардың әлеуметтік-мәдени жағдайын жақсарту да қарастырылды. Өзен жолдарымен жүк тасымалын жүзеге асыру жұмыстары бойынша «Байкал», «Островский», «Витим» катерлері көзге түскен. Озық нәтижелер байқатқан жұмыскерлерге жергілікті «Қазақстанға – 10 жыл» демалыс үйіне, Пятигорск, Барнауыл, Түрксіб курорт-емдеу орындарына жолдама берілген. 1957 жылдың аяғында Іле-Балқаш пароходтығына қарасты өзен жолдарында жалпы саны 428 кеме болған. Іле-Балқаш кеме қатынасы мекемесіне қарайтын «Аяққалқан» емдеу-сауықтыру курорты жұмыс істеді. Кеме қатынасы клубында кино көрсету жолға қойылды. Мектеп оқушылары жазғы демалыс кезінде матрос ретінде жұмыс істеген.

1959 жылдың 29 қаңтарындағы Қазақ АКСР Министрлер кеңесі қаулысына сәйкес, 1 сәуірден бастап Іле-Балқаш кеме қатынасы одақтық өзен флотының бас басқармасына қарасты жеке пайдалану учаскесі ретінде қайта құрылды. Іле өзеніндегі пайдалану учаскесінде 800 адам жұмыс істеген. Іле өзенінің бойымен 600 шақырым аумақты қамтитын пайдалану учаскесі өзен транспортын Қытай Халық Республикасымен жалғады.

Қазақстанның су қатынастарында маңызды артерия саналатын Іле-Балқаш кеме қатынасының бастауын әйгілейтін жоғарыдағы архив қорларынан алынған тарихи деректер өткеннен осылайша сыр шертеді.

**Асқар ЫДЫРЫС,**
**Алматы облыстық мемлекеттік архивінің қойма меңгерушісі**

## ЗЕРДЕЛІ ҰЛТ

# СӨНБЕС СӘУЛЕ

***«Кітап – жансыз, бірақ шынайы дос», – дейді Виктор Гюго. Шын мәнінде, жансыз деп жүргенімізбен, адам жанының ең нәзік иірімдерін үнсіз түсінетін, қуанышына ортақтасып, қайғыңды бөлісетін кітаптан жақын серік бар ма екен?! Парақтарынан өзіңнің болмысыңды тауып, бір ауыз сөзінен жүрегіңе медеу болар жұбаныш іздейтін сәттер болады. Жалғыздықта жаныңнан табылып, жабырқаған көңіліңе сәуле түсіретін де – кітап.***



Осы ретте жыл сайын республика көлемінде өтетін кітап фестивалінің орны бөлек. Фестиваль аясында Алматы облысына қарасты кітапханалар жүздеген ауқымды іс-шара өткізді. Онда кітаптан жасалған заманауи аймақтар көпшілік назарына ұсынылып, сиясы кеуіп үлгермеген жаңа шығармалардың таныстырылымы өтті. Зияткерлік сайыстар ұйымдастырылып, жас қаламгерлер мен танымал авторлардың басын қосқан әдеби-сазды кештер оқырманға ерекше көңіл-күй сыйлады. Кітаптың тек сөреде шаң басып тұрмағанын, керісінше, заманмен бірге тыныстап, жаңа мазмұнмен толығып келе жатқанын осындай шаралардан анық аңғаруға болады.

Алматы облыстық орталық әмбебап кітапханасы да айтулы күнді мазмұнды әдеби-сазды кешпен қорытындылады. Кеш шымылдығы кітаптың алғашқы бейнесінен бүгінгі келбетіне дейінгі дамуын көрсеткен бейнеүзіндімен түрілді. Ақын жүрегінің түкпірінде жатқан сырды ақтарған поэзия үлгілері мен прозалық үзінділер көрерменді терең ойға жетелеп, көңілге түрлі сезім ұялатты.

Кештің қадірлі қонағы, көрнекті жазушы, әдебиеттанушы-ғалым, филология ғылымдарының докторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұрдәулет Ақыш жас оқырмандардың кітапқа деген көзқарасы жөнінде ой бөлісті. Қаламгердің пікірінше, көгілдір экран мен қалта телефонына деген қызығушылықтың артуы әдеби шығармалардың оқылуына кері әсер етуі мүмкін. Дегенмен жазушының: «Оқырман барда әдебиет бар, әдебиет барда оқырманның ойы толық болады», – деген сөзі көңілге үміт ұялатады.

Расында, қаламгердің әр сөзі ойға себілген дән секілді. Оның қашан көктеп, қай тұстан тамыр жайып, адам санасында қандай жеміс беретінін ешкім алдын ала болжай алмайды. Кейде жылдар бұрын оқылған бір кітаптың бір ауыз сөзі арада уақыт өткенде санаңда қайта жаңғырып, өміріңнің белгілі бір сәтінде жол көрсетіп жатады.

Шарада сөз кезегі айтыскер ақын, ұстаз Даубай Мамытұлына тиді. Ол бала күніндегі естеліктерін айтып, кітаптың адам болып қалыптасу жолындағы әсерін, тұлға тәрбиесіндегі орнын тебіреніспен жеткізді. Кеш барысында айтылған әрбір пікір кітаптың өткеннің мұрасы болып қалмай, бүгін мен ертеңнің де рухани тірегі бола алатынын аңғартты. Заман өзгеруі мүмкін. Бірақ адамның жандүниесіндегі іздеу, сезіну, түсінуге ұмтылу сынды қасиеттер өзгермейді. Адам әр дәуірде өзін, өмірді, айналасындағы әлемді түсінуге талпынады. Ал сол сауалдарға жауап іздегенде қараңғыда жол сілтеп, қиналғанда үнсіз ғана жанынан табылатын асыл дос – кітап.

Кітаптың қадірі оның қанша данамен жарық көргенімен немесе кітапхана сөресінде қанша жыл тұрғанымен өлшенбейді. Оның шынайы бағасы адамның жүрегінен қаншалықты орын алғанында. Бір ғана шығарма дүниеге деген көзқарасыңды өзгертуі мүмкін. Бір ғана сөйлем өміріңе бағыт сілтеуі мүмкін. Кітап оқу – жай ғана уақыт өткізу емес, өзіңді танудың, ойыңды тәрбиелеудің, рухыңды байытудың жолы.

Бүгін кітаптың орнын көгілдір экран пен қалта телефоны басып бара жатқандай көрінуі мүмкін. Алайда технология адамның уақытын үнемдеп, ақпаратты әп-сәтте ұсынғанымен, оның жандүниесін байыта алмайды. Ал кітап ойлануға, сезінуге, салыстыруға, күмәндануға және өз жауабын табуға үйретеді. Оның ең үлкен құдіреті де осында.

Кітаптың сөнбес сәулесі – адамзаттың жадында қалған сөздің, жүректе сақталған сезімнің, ұрпаққа аманат болған рухтың сәулесі. Оны өшірмей, келер буынға жеткізу – бүгінгі оқырманның ғана емес, қаламгердің, кітапхананың һәм тұтас қоғамның ортақ міндеті.

Өйткені оқырман барда кітаптың ғұмыры жалғасады. Ал кітап бар жерде адамның ойы тереңдеп, сөзі салмақтанып, рухы биіктей бермек.

**Аяжан РАМАЗАНОВА,**
**Алматы облыстық орталық кітапханасының қызметкері**

ТАҒЗЫМ




# Әуелеген Ән-ғұмыр

***Адам өмірден өткен соң артында не қалады? Біреудің жиған дүниесі, біреудің салған үйі, енді біреудің елге жасаған жақсылығы қалады. Ал өнер адамының артында халықтың жүрегіне жеткен әні, ел жадында жатталған үні, ұрпаққа үлгі болар өнегелі өмірі қалады. Қарадаланың топырағынан түлеп ұшып, қазақтың дәстүрлі ән өнерінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған Жақсылық Мырқаев та осындай өнер иесі еді.***

● Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ

Өкінішке қарай, тағдыр оған елу жыл ғана ғұмыр беріпті. Шонжылдағы аудандық Мәдениет үйінде Жақсылық Мырқаевтың жетпіс жылдығына арналған «Өнегелі өмір – өшпес есім» атты еске алу шарасы өтті. Кешке өнер иесінің көзін көрген замандастары, туған-туыстары, шәкірттері жиналды.

Жақсылық Мырқаевтың өнерге деген құштарлығы бала күнінен басталған. Кетпен ауылында өскен Жақсылықтың әнге ынтықтығы сонша, көшедегі радиодан әуелеген әнді тыңдау үшін мектепке асығып бара жатқан жолынан тоқтап қалатын көрінеді. Әсіресе Дәнеш Рақышевтің орындауындағы «Аңшының әнін» тыңдауға ерекше құмар болған. Әкесі Мырқайдар қарапайым еңбек адамы болғанымен, өнерге жақын жан екен. Анасы Қанымжанның да әншілік қабілеті болған. Демек, Жақсылықтың бойындағы әнге деген құштарлықтың алғашқы ұшқыны өз шаңырағында тұтанған десек, қателеспеспіз.

Жақсылықтың өнердегі алғашқы қадамы да туған жерінде басталады. Кезінде Кетпен ауылына келген белгілі ақын Сырбай Мәуленов оның әнін тыңдап, ерекше ықылас білдіріп, «Бұлбұл бала» деп атаған. Сол бір ауыз сөз ауыл баласының өнерге деген сенімін арттырып, кейін ән өнерінде өз орнын тапқан белгілі әншіге айналды.

Оның өнер жолында қазақтың маңдайына біткен талай дара тұлғаның орны бар. Жүсіпбек Елебеков атындағы эстрадалық студияда Қайрат Байбосыновтан тәлім алды. Жетісудың жезтаңдай әншісі Дәнеш Рақышевтің өнер мектебінен өтті. Нұрғиса Тілендиевтің жетекшілігіндегі әйгілі «Отырар сазы» фольклорлы-этнографиялық оркестрінің жеке әншісі болып жеті жылдай еңбек етті.

«Сарыбидай», «Аңшының әні», «Балқадиша» секілді әндерді оның орындауында тыңдаған жандар әлі күнге дейін сол бір әуезді үнді сағынышпен еске алады. Әншілікпен қатар ұстаздық қызмет атқарып, музыка арқылы ұрпақ тәрбиелеуге де өз үлесін қосты.

Аудандық Мәдениет үйіндегі еске алу шарасы Жақсылық Мырқаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған көрмемен танысудан басталды. Мұнан соң «Қарадала» халық театрының әртістері «Өнегелі өмір – өшпес есім» атты театрландырылған қойылымын сахналады.

Кеште алғашқы сөзді аудан әкімі Талғат Байеділов алды. Аудан басшысы Жақсылық Мырқаевтың қазақтың дәстүрлі ән өнерінде өзіндік орны бар тұлға екенін айтып, оны кейінгі ұрпаққа танытудың маңызына тоқталды. Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, жазушы Жұмабай Қайранбай әншінің өнерге деген адалдығын, адамдық болмысын, ел есінде қалған жарқын сәттерін әңгімеледі. Аудандық ақсақалдар кеңесінің және «Ұрпақ парызы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Жәнет Керімқұлов өнер иесінің есімін ұлықтаудың ұрпақ алдындағы мәнін сөз етті.

Білім және мәдениет саласының үздігі Нұрмұқа Шаймерденовтің көпшілікке жасаған тартуы тіпті ерекше болды. Ол Жақсылық Мырқаевтың сүйіп шырқайтын әндерінің бірін орындады. Сахна төрінен әуелеген таныс әуен көптің көңіліндегі сағынышты қайта оятты.

Бұл кештің ең бір жүрекке жақын тұсы Жақсылық Мырқаевтың отбасының қатысуы болды. Әншінің зайыбы Кәмила апай балаларымен бірге арнайы келіп, көпшілік құрметіне куә болды. Жылдар өтсе де, жұбайының есімін ұмытпай, өнерін ардақтап жүрген қарадалалықтарға Кәмила апайдың айтар алғысы мол екен. Мінбеге көтерілген ол еске алу шарасын ұйымдастырған азаматтарға, өнердегі замандастарына, туған жердің жұртшылығына ризашылығын жеткізді. Кешке белгілі әнші Дәнеш Рақышевтің қызы Гүлнар да арнайы келіп, жылы лебізін білдірді. Мұның да өзіндік сыры бар. Өйткені Жақсылық Мырқаевтың өнер жолын Дәнеш Рақышевтің есімінен бөліп қарау мүмкін емес. Ұстаз бен шәкірт арасындағы өнер сабақтастығы олардың өмірімен ғана шектелмей, кейінгі ұрпаққа да жалғасып жатқандай әсер қалдырды.

Еске алу шарасының тағы бір ерекшелігі – оның құрметіне ұйымдастырылған «Әнмен өрілген ғұмыр» атты дәстүрлі әншілер байқауы болды. Қазақтың дәстүрлі әні – ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан асыл мұра. Әр өңірдің өзіндік әншілік мектебі, орындау мәнері бар. Арқаның кең тыныстағы әні, Жетісудың сыршыл әуені, батыстың екпінді сазы – бәрі де қазақ ән өнерінің байлығын танытады. Сол бай мұраны кейінгі буынға жеткізудің бір жолы – жас әншілерді қолдау, олардың өнеріне жол ашу. Бұл тұрғыдан алғанда Жақсылық Мырқаевтың жетпіс жылдығына арналған байқаудың мәні бөлек. Өйткені өзі бүкіл ғұмырын дәстүрлі ән өнеріне арнаған әншіні еске алудың ең жарасымды жолы да сол әнді шырқату емес пе?!

Байқауға Алматы, Жетісу облыстары мен алыс-жақын қалалардан жиырмаға жуық дәстүрлі әнші қатысып, өз өнерлерін ортаға салды. Әрқайсысы қазақтың төл өнеріне деген сүйіспеншілігін ән арқылы жеткізуге тырысты.

Байқау қорытындысында бас жүлде Таңжарық Әлдібайға бұйырды. Бірінші орынды Тілеуберді Бақытұлы иеленсе, екінші орын Заңғар Толымбекке, үшінші орын Сродджаддин Кабдилхаликке берілді. Ал Мәулен Нұржан мен Серікәлі Тұрдәлі ынталандыру сыйлықтарына ие болды. Жүлдегерлерге ақшалай сыйлықтар табысталды.

Жеңімпаздарды марапаттау рәсімінен кейін концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, өнердегі замандастары мен аға-інілері әннен шашу шашты. Қазақтың дәстүрлі әндері шырқалған кеште жиналған қауым Жақсылық Мырқаевтың өнерін тағы бір мәрте еске алды.



***Үйғыр ауданы***

САЛАУАТТЫ ӨМІР

***«Шынықсаң, шымыр боласың» демекші, дене жаттығуы адам баласына қашанда пайдалы. Жас ұрпақты салауатты өмір салтына бейімдеп, спортпен шұғылдануына септігін тигізіп келе жатқан мекеменің бірі – Кеген аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі.***

# Жеңіс жолына бастаған



● Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ

Аталған мектептің іргетасы 2018 жылы қаланып, 2020 жылдың ақпан айында пайдалануға берілді. Мұнда оқушылар 8-10 жастан бастап қабылданады. Спорт мектебінде дзюдо, қазақ күресі, грек-рим күресі, бокс, тоғызқұмалақ, волейбол, футбол, баскетбол, үстел теннисі секциялары және көкпар бөлімі жұмыс істейді. Бокспен шұғылдануға арналған ринг, балуандарға арналған бозкілем, татами, тағы басқа да қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар кең әрі шағын спорт залдары, киім ауыстыратын және жуыну бөлмелері орналасқан.

Спорт мектебінің директоры Бауыржан Таубалдыұлы – білікті бапкер. Қазақ күресінен әлем және Азия чемпионы, Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері. Қазіргі таңда мектепте спорттың 10 бағыты бойынша 1103 жасөспірім жаттығуда. Қарқара, Бөлексаз, Шырғанақ, Жалаңаш, Саты, Ұзынбұлақ, Ақсай, Тасашы және Тұйық ауылында филиалдары бар.

– Жыл басынан бері көптеген жарыс ұйымдастырылды. Нақтырақ айтқанда, грек-рим күресінен 2009-2013 жылы туған жасөспірімдер арасында облыстың ашық біріншілігі өтті. Шелек ауылында бокстан 2010-2011 жылы туған жасөспірімдер арасындағы Ермұрат Қайыпжановтың жүлдесіне арналған республикалық турнирде, тоғызқұмалақтан облыстық чемпионатта, грек-рим күресінен Қонаев қаласының біріншілігінде, Қаскелең қаласында өткен облыстық үстел теннисінде, қазақ күресінен Павлодар қаласындағы Рымтай Ісбастыұлы атындағы республикалық турнирде, бокстан 2011-2012 жылы туған қыздар арасындағы облыстық чемпионатта спортшыларымыз бақ сынады. Талғар қаласында өткен облыстық чемпионатта көкпардан Кеген командасы I орынды жеңіп алды. Дзюдо күресінен Тама баба атындағы Алматы облысының ашық біріншілігі өз деңгейінде өтті. Алдағы уақытта да аудандық, облыстық жарыстар ұйымдастырылады, – деді спорт мектебінің директоры Бауыржан Таубалдыұлы.




Кеген аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде жаттығатын жасөспірімдердің жыл ішінде жеткен жетістігі бір төбе. Мәселен, қазақ күресінен 23 жасқа дейінгі жастар арасында Шұғыла Мақсатқызы чемпион атанса, бокстан Алматы облысының чемпионатында Медеубек Дінмұхамед топ жарды. Ақтөбеде өткен ауыл жасөспірімдерінің V жазғы ойындарында грек-рим күресінен 45 келі салмақ дәрежесінде Ерсін Манасұлы қола жүлдеге ие болды. Талғар қаласындағы облыстық чемпионатта үстел теннисінен Берікбол Берік I орын, Берік Аруназ бен Лашын Ринатқызы III орын алды. Қазақ күресінен Ақтау қаласындағы республикалық чемпионатта Аян Бақытұлы, Қойшыбай Бағжан жүлдегер атанды. Дзюдодан Ақтау қаласындағы халықаралық турнирде Аян Бақытұлы II орыннан көрінді. Грек-рим күресінен Талғар қаласындағы Анатолий Федеровичті еске алуға арналған республикалық турнирде Қаршыға Еркінұлы I орын алды. Қазақ күресінен Райымбек ауданында өткен Еркін Сайдақовқа арналған турнирде және дзюдодан «Beibarys Sultan» республикалық турнирінде Айтпанбет Ақжол қарсылас шақ келтірмеді.

Ұлттық спорт жанашыры, көкпардан облыстық жастар құрамасының аға жаттықтырушысы, қолкүресі мен ат спортының шебері Тобажан Жанарыс баптаған көкпаршылар жасөспірімдер мен жастар арасында Алматы облысының чемпионы атанып үлгерді.

Кеген аудандық спорт мектебі әлі талай жасөспірімдерді баптап, олардың жеңіс тұғырынан көрінуіне өз үлесін қоса берітіні анық.

***Кеген ауданы***

МАМАНДЫҒЫ – МАҚТАНЫШЫ

# Денсаулық сақшысы

***Басың ауырып, балтырың сыздағанда дәрігерге жүгінесің. Бойыңды сырқат дендегенде, жаның мен тәніңе шипа ұсынатын да – ақ халатты абзал жан. Осынау маңызды мамандықты өмірлік таңдауымен ұштастырған Райымбек аудандық ауруханасының тәжірибелі дәрігері Нәзипа Қасымбаеваға халықтың алғысы мен құрметі ерекше.***



● Ақерке БИЖАН

Нәзипа Нәкенқызы 1960 жылы 8 желтоқсанда Қарасаз ауылында көпбалалы отбасында дүниеге келген. Бала шағынан дәрігер болуды армандаған. Мектепті ойдағыдай тәмамдаған соң, Алматы қаласындағы Санжар Асфендияров атындағы Алматы мемлекеттік медицина институтына оқуға түседі. 1984 жылы қолына дипломын алып, дәрігер маман атанады. Нәзипа Нәкенқызының жұбайы Сағындық Сыдықов дене шынықтыру пәні мұғалімі болып ұзақ жыл мектепте жұмыс істеді. Бүгінде зейнет демалысында.

Нәзипа алғашқы еңбек жолын Қызылшекара ауылында балалар дәрігері болып бастайды. Бұл мамандық салғырттықты кешірмейді, жауапкершілік пен мұқияттылықты талап етеді. Оның тәжірибе жинақтап, білікті маман атануына дәрігерлер Секен Лешов, Кілем Жазықбаев, Ораз Өтемісұлы, білікті акушер Сақан аға, Дина, Әлия есімді мейірбикелер және балалар дәрігері Қарлығаштың қосқан үлесі көп. Олар жас маманға ақыл-кеңестерін беріп, дәрігерлік мамандықтың қыр-сырына қанықтырды.

1990 жылы жұбайының жұмыс бабымен Сарыбастауға қоныс аударып, осындағы емханада 2000 жылға дейін қызмет етті. Өтпелі кезеңдегі қиындық медицина саласын да айналып өтпеді. Дәрі-дәрмек пен медициналық құралдардың жетіспеушілігі ақ халатты абзал жандарды біраз әуреге салды. Нәзипа осынау қиын шақта да өз міндетін мінсіз атқаруға тырысты. Ізденістен шаршамайтын маман біліктілігін арттырып, қайтадан Қызылшекара ауылдық емханаға жалпы тәжірибелі дәрігер болып ауысады. Күні бүгінге дейін осы мекемеде жемісті еңбек етіп келеді. Оның медицина саласында жүргеніне 40 жылдан асты.

Тыныш күннің өзінде жұмысы мазасыз дәрігерлер жаһанды жайлаған коронавирус індеті кезінде де тынбай жұмыс істеді. Нәзипа Накенқызы мен оның әріптестерінің қажырлы еңбегінің нәтижесінде Қызылшекара ауылында індеттен адам өлімі тіркелмеді.

Білікті дәрігердің еңбегі елеусіз қалған жоқ. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «Еңбек ардагері» медалімен, «Медицина саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

Отағасының қолдауымен мансабы мен аналық қызметін қатар алып жүрген ақ халатты абзал жан үш перзент дүниеге әкеліп, оларға тағылымды тәрбие беріп, үлкен өмірге қанат қақтырды. Балалары – ата-ана жолымен жоғары білім алған сауатты да парасатты жандар.

Қаншама адамның алғысын арқалаған тәжірибелі дәрігердің өмір жолы жас ұрпаққа өнеге мен үлгі болатыны анық.

***Райымбек ауданы***

ПРИРОДА И МЫ

# Защитим лес от пожара

***Лес – главное богатство нашего народа, сохранить и заботиться о нем будущим поколениям– наш общий долг, если вы собираетесь в лесной фонд отдыхать, заготавливать дрова, для побочного пользования леса, то для начала лучше не забывать о правилах сохранения леса от пожаров, однако, в любом случае, имейте в виду следующие простые принципы:***

Неосторожно брошенные спички, окурки, костры, оставленные без тушения на высохшей дровяной костре или сухой траве, могут стать причиной пожара в лесу при безнадзорном сжигании травы и тростника, заросшего на берегах канав или лугов, лесной пожар помимо колоссальных потерь для общества и природы, приводит к коренному уничтожению различных растений в животном мире и лесу.

Лицо, допустивший возгорание леса, не только возмещает ущерб, причиненный природе, но и несет ответственность по статьи. 367 часть КОАП РК и статьи 202, 204, 292 УК РК.

Если вы заметили пламя костра в лесу, сделайте попытку немедленно погасить его, в случае отсутствия способа его тушения, сообщите в лесное хозяйство, администрацию сельского округа, районную полицию и пожарную часть.

**Телефоны: 101, 102, 2-18-51, 2-17-14, 2-21-82, 2-14-10.**

**Коммунальное государственное учреждение**
**«Лесное хозяйства Карадала»**
**Отдел чрезвычайных ситуации**

ЕРМЕК СЕРКЕБАЕВ – 100




# Ғәуір дарабозы

***Іле ауданы Өтеген батыр ауылында қазақтың көрнекті опера әншісі, Халық әртісі Ермек Серкебаевтың туғанына 100 жыл толуына орай тағылымды ән кеші өтті. Ұлт өнерінің алтын қорында өшпес із қалдырған өнер иесінің мерейтойына арналған «Ғасыр үні» атты концерт көрермен көңіліне әсем әуеннің әсерін ұялатып, өткен мен бүгінді өнер арқылы жалғаған рухани жүздесуге айналды. Өнердің өз өлшемі, уақыттың өз таразысы бар. Заман өзгеріп, талғам түрленгенімен, жүрекке жол тапқан шынайы өнердің қадірі ешқашан кемімейді. Асыл ән мен әуезді үннің құдіреті де осында. Ол бір кезеңнің ғана еншісінде қалмай, ұрпақтан ұрпаққа жетіп, ел жадында жаңғырып отырады. Қазақтың опера өнерін биік белеске көтеріп, дара дарынымен талай жүректі бауырағаң Ермек Серкебаевтың шығармашылық жолы – осының айқын дәлелі.***


Суретті түсірген – Мұхтар ӘУКЕН



● Құралбек СӘБИТОВ

Нұрғиса Тілендиев атындағы Іле аудандық Мәдениет үйінде өткен концерт даңқты әншінің өнеріне көрсетілген құрметтің жарқын көрінісі болды. Облыс әкімінің қолдауымен ұйымдастырылған мерейтойлық кеште Сүйінбай атындағы облыстық филармониясының өнер ұжымы ілелік көрермендерге мазмұны бай, музыкалық өрнегі келісті концерттік бағдарлама ұсынды. Ермек Серкебаевтың есімі аталғанда, ең алдымен, қазақтың ән өнеріне өзгеше сипат дарытқан қайталанбас дауыс, сахна мәдениетіне деген айрықша жауапкершілік пен биік кәсіби талғам ойға оралады. Ол – ұлттық өнердің мерейін асырып, қазақ әншісінің қарым-қабілетін әлемдік деңгейде таныта білген тұлға. Оның «Халық әртісі» атануы да өнердегі өлшеусіз еңбегі мен дара дарынына берілген лайықты баға еді. Серкебаевтың шығармашылық жолы – тұтас бір дәуірдің өнер шежіресі. Оның орындаушылық шеберлігі мен сахнадағы болмысы талайды тәнті етіп қана қоймай, өнеге беріп, үлгі болды. Әншінің өнері арқылы қазақ музыкасының терең тамырын, ұлттық әуеннің табиғи сұлулығын, адам жанына әсер ететін тылсым қуатын тануға болады. Сондықтан оның мұрасын ұлықтау – өткенді еске алумен шектелмейтін, ұлттық мәдениеттің қадір-қасиетін бүгінгі ұрпақтың санасына сіңіретін маңызды іс.

Концерт шымылдығы ашылған сәттен-ақ Мәдениет үйінің төріне ерекше көңіл-күй орнады. Көрермен қауым әуезді ән мен әсем бидің үйлесімін тамашалап, қазақ өнерінің бай қазынасына тағы бір мәрте қанықты. Сүйінбай атындағы облыстық филармониясының солистері, «Арқас» эстрадалық ансамблі мен «Алтынай» мемлекеттік халық биі ансамблі кештің көркін кіргізіп, сахна төрінде өнердің сан қырын тоғыстырды. Әсіресе, қайта жаңғырған «Арқас» ансамблінің сүйемелдеуімен орындалған әндер көрермен көңіліне айрықша әсер қалдырды. Әр шығарманың өз бояуы, әр әуеннің өз тынысы көрермен көңілін көкжиекке көтерді. Бірі жүрекке сағыныш ұялатса, енді бірі туған жерге деген іңкәрлікті оятып, сезімді шалқытты. Ән мен әуеннің жарасымды үндестігі кештің мазмұнын байытып, көрерменді ұлттық музыка әлеміне жетеледі.

Бағдарлама барысында «Алқоңыр», «Япыр-ай», «Сарыжайлау», «Көзімнің қарасы», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Гүл Алматы» сынды халыққа кеңінен таныс әндер мен қазақ композиторларының шығармалары шырқалды. Уақыт сынынан өткен бұл туындылардың әрқайсысы – халқымыздың рухани болмысын, сезім әлемін, өмірге деген көзқарасын танытатын асыл мұра. Олардың бүгінгі сахнада қайта жаңғыруы ұлттық ән өнерінің тамыры тереңде жатқанын тағы бір аңғартты. Ал «Алтынай» мемлекеттік халық биі ансамблінің бишілері мың бұрала билеп, сахнаға көркемдік сипат қосты. Қимыл мен ырғақтың үйлесімі, ұлттық би өнеріне тән нәзіктік пен серпін тағылымды кештің ажарын аша түсті. Ән мен бидің өзара жарасым тапқан сәттері көрерменнің көңілінен шығып, кештің әсерлі өтуіне ықпал етті. Залдың лық толуы да өнерге деген шынайы ықыластың айқын белгісін танытты. Әсіресе, үлкендердің немерелерін ертіп келуі көңілге жылылық ұялатты. Бұл – өнерге деген құрметтің отбасылық тәрбие арқылы жалғасып, ұрпақ сабақтастығының мәдени ортада да қалыптасып келе жатқанын аңғартты. Расында, өнердің ұлылығы – оның адамды уақыт шеңберінен шығарып, рухани кеңістікке жетелей алуында. Бір ән балалық шаққа деген сағынышты оятса, енді бір туынды адамның туған жерге, анаға, елге деген сезімін тербеді. Ермек Серкебаевтың өнері де талай буынның жүрегіне жол тауып, қазақ музыкасының асқақ беделін қалыптастыруға қызмет етті. Оның шығармашылық мұрасын ұлықтау арқылы біз ұлы тұлғаның есімін ғана емес, сол есіммен бірге жасасқан өнер мектебін, ұлттық талғам мен мәдени сабақтастықты да дәріптейміз. Мерейтойлық кештің маңызы да осында. Бүгінгі концерт тек белгілі бір күнге орай ұйымдастырылған шара емес, елдің рухани жадын жаңғыртатын, ұлт өнерінің көрнекті өкілдерін кейінгі буынға танытатын, мәдени құндылықтарды бағалауға үндейтін тағылымды басқосу болды. Өнер иесінің өмір жолы мен шығармашылығына қайта үңілу арқылы көрермен өткеннің өнегесін таниды, бүгіннің қадірін бағамдайды, келешекке аманат болар асыл мұраның мәнін тереңірек түсінеді. Дарабоз әншінің есімін ұлықтаған кеш жүректерге рухани жылу ұялатып қана қоймай, оның өнерінің мәңгі өлместігін анық сездірді.

***Іле ауданы***

ЖӘДІГЕР

# МУЗЕЙДІҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ

***Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, ата-баба мұрасын сақтап, өткенді зерделеу арқылы бүгінгі мәдениетімізді дамыту – ұрпақ алдындағы маңызды міндет. Осы орайда туған өлкенің тарихын зерттеп, ел мен жер тағдырын, бабаларымыздың ерлігін, елдігін, бірлігі мен дәстүрін кейінгі ұрпаққа жеткізіп келе жатқан рухани ордалардың бірі – Балқаш аудандық тарихи-өлкетану музейі.***

● Алтынай СЕЙІТКЕН

Музей тарихы 2003 жылдан бастау алады. Жиырма жылдан астам уақыт ішінде бұл мекеме ауданның тарихи-мәдени мұрасын жинақтап, көпшілікке кеңінен таныстырып келеді. Мұндағы әрбір жәдігер – өткен заманнан жеткен үн, әрбір құжат – ел тарихының айғағы, әрбір экспозиция – туған өлкенің шежіресі.

Балқаш аудандық тарихи-өлкетану музейінің жаңа кейіпке енуі – еңбек ардагері Өксікбай Исабайұлының көптен бергі асыл арманы еді. Аманатқа адалдық танытқан немерелері Әйгерім Исабаева мен Дархан Кәкетай өз қаражатына жаңа музей ғимаратын салып, атасының асыл арманын ақиқатқа айналдырды. 2026 жылғы 7 наурызда жаңа мәдени мекеме ел игілігіне берілді.



Музей заманауи талаптарға сай жабдықталған. Мұнда келушілерге қолайлы жағдай жасалып, кең әрі жарық төрт экспозициялық зал орналасқан. Сонымен қатар арнайы қор сақтау бөлмелері де қарастырылған. Музей қорындағы әрбір жәдігердің өзіндік тарихы бар. Олардың әрқайсысы белгілі бір дәуірдің тыныс-тіршілігінен сыр шертіп, өткен мен бүгінді жалғастырып тұрған рухани көпір іспетті. Сол құнды мұралардың қатарында білтелі мылтық пен 1713 жылы жарық көрген Құран-Кәрім ерекше орын алады.

Білтелі мылтық сапалы ағаштан ойылып жасалған, ал шүріппесі мен ұңғысы темірден соғылған. Мұндай қарулар XVIII-XIX ғасырларда қазақ даласында аңшылықта және жаугершілік кезеңдерде кеңінен қолданылған. Сондықтан бұл жәдігерден сол заманның қару-жарақ жасау шеберлігін ғана емес, дала халқының тұрмыс-тіршілігін, аңшылық дәстүрін және ел қорғаған ерлердің өмір салтын да аңғаруға болады.

Ал музейде тұрған Құран-Кәрімнің тарихы үш ғасырға жуық уақытты қамтиды. Мәліметтерге сәйкес, қасиетті кітап 1713 жылы Сауд Арабиясындағы «Чұхрат» баспасында жарық көрген. Оны өлкеге Шағыр балғалы әулетінен шыққан атақты бай Манап-Жәмеңке Сауд Арабиясына сауда керуенімен барған кезінде алып келген екен.

Кейін бұл қасиетті кітап өлкеде әулиелігімен танылған Маралбай, Нысанбай бабаларымыздың және Шілмембет қажының қолында шамамен 46 жыл сақталған. Ел ішінде оның қасиеттілігіне ерекше мән беріліп, дұға-тілектер оқылып, сырқаттанған адамдарға рухани демеу ретінде пайдаланылған.



Қазіргі таңда музей қорында мыңнан астам жәдігер сақтаулы. Олардың қатарында археологиялық олжалар, ұлттық тұрмыстық бұйымдар, қолөнер туындылары, тарихи тұлғаларға қатысты құжаттар мен фотосуреттер, Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарына байланысты материалдар, сондай-ақ ауданның табиғаты мен жануарлар әлемін таныстыратын экспонаттар бар.

Музей қоры жыл сайын жаңа жәдігерлермен толығып келеді. Бұл іске аудан тұрғындарының қосып отырған үлесі ерекше. Осы ретте музей ұжымы өздерінің отбасылық мұрасын ел тарихының ортақ қазынасына айналдырып жүрген барша азаматтарға шынайы ризашылығын білдіреді.

Бүгінде музейде 14 қызметкер еңбек етеді. Ұжым тарихи-мәдени мұраны сақтау және зерттеумен қатар, экскурсиялар, көрмелер, танымдық кездесулер мен түрлі мәдени іс-шаралар ұйымдастырып, келушілерге сапалы қызмет көрсетеді. Музейге мектеп оқушылары, студенттер, аудан тұрғындары мен қонақтары тұрақты түрде келіп, туған өлкенің тарихымен танысуда. Әсіресе жас ұрпақ үшін музейдің тәрбиелік мәні зор. Тарихи жәдігерлерді көзбен көріп, олардың шығу тарихын білу – балалардың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттырып, ұлттық құндылықтарға құрметін қалыптастырады.

Жаңа музей ғимаратының бой көтеріп, халық игілігіне берілуі – үлкен еңбектің нәтижесі. Осы ретте Өксікбай Исабайұлының асыл арманын жүзеге асырған Әйгерім Исабаева мен Дархан Кәкетайға аудан халқы зор ризашылығын білдіреді. Бұл игілікті іс туған жерге деген жанашырлықтың, ата аманатына деген адалдықтың және ел тарихына деген құрметтің жарқын үлгісі.

Балқаш аудандық тарихи-өлкетану музейі – өткенді ұлықтап, бүгінді бағалап, келешекке аманат жеткізетін рухани алтын тұғыр. Жаңа ғимараттың ашылуы музей тарихындағы жаңа белес болып, ауданның мәдени өміріне тың серпін береді деп сенеміз.

***Балқаш ауданы***

ЗЕРДЕЛІ ҰЛТ

# Кітапқа құштарлық

***Жамбыл ауданы Мәтібұлақ ауылдық кітапханасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, жас ұрпақтың танымдық қабілетін дамыту және ұлттық руханиятты дәріптеу мақсатында мәдени-танымдық кеш өтті.***

Шараға аудандық кітапхана директоры Аяужан Сәдуақасова мен өңірдегі кітапхана қызметкерлері қатысты. Іс-шараның маңызды сәттерінің бірі оқырмандардың білімге құштарлығын арттыруға, жас ұрпақтың ой-өрісін кеңейтуге бағытталған «Зерде» үйірмесінің ашылуы болды. Алдағы уақытта үйірме аясында оқырмандардың зияткерлік әлеуетін дамытуға, білімге деген ынтасын арттыруға бағытталған түрлі танымдық жұмыстар жүргізілмек.

Шара барысында кітап көрмесі көпшілік назарына ұсынылды. Кештің екінші бөлімінде жиналған көпшілік қазақ кино өнерінің көрнекті өкілі, режиссер Абдолла Қарсақбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай «Алты жасар Алпамыс» көркем фильмін ашық аспан астында тамашалады.

«Зерде» үйірмесінің ашылуы болашаққа бағытталған маңызды қадам болса, кітап көрмесі мен ашық аспан астындағы кино көрсетілімі рухани құндылықтарды дәріптеудің жарқын үлгісіне айналды.

Мәтібұлақ ауылдық кітапханасы алдағы уақытта да оқырман қауымға арналған мазмұнды мәдени-танымдық шараларды жалғастырып, кітап пен руханиятты насихаттау бағытындағы жұмыстарын жүйелі түрде жүргізе береді.

**Гүлзира КЕРІМҚҰЛОВА,**
**Мәтібұлақ ауылдық кітапханасының қызметкері**
***Жамбыл ауданы***



АЛАТАУ арайы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі
Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директор:
Ерлан ЖҰРЫНБАЕВ

Бас редактор:
Қуаныш ТҰНҒАТАР

Бас редактордың бірінші орынбасары:
Алма ЕСЕНБАЙ

Бас редактордың орынбасары:
Болат МӘЖИТ

Жауапты хатшы:
Шолпан НҰРЖАУОВА

Веб-сайт редакторы:
Алтынай СЕЙІТКЕН

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

| | |
|---|---|
| Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ | 8 701 254 97 55 |
| Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАНБАЕВ | 8 701 347 60 32 |
| Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ | 8 702 488 56 12 |
| Еңбекшіқазақ ауданы – Құралай МҰРАТҚЫЗЫ | 8 700 573 30 11 |
| Ұйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ | 8 702 213 95 83 |
| Кеген ауданы – Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ | 8 777 218 63 25 |
| Райымбек ауданы – Ақерке БИЖАН | 8 771 847 37 26 |

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

| | |
|---|---|
| Жанар АМАНГЕЛДИЕВА | 8 708 210 95 71 |
| alatau_jarnama@mail.ru | 8 747 688 17 41 |

*Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.*

Газет облыстың бөлінуіне байланысты жаңадан тіркеліп, 2022 жылдың 3 қыркүйегінен Қонаев қаласынан шығады

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді

«Алатау арайы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек

Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордағы ашық дереккөздерден алынады

Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № KZ22VPY00086933 куәлігі берілген.
**Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы**

Газет Алматы қаласы, С. Мұқанов көшесі, 223«В» үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

**МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:**
Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1.
Тапсырыс – 2411

«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – **12 000,** оның ішінде,
«Алатау арайы» газетінің осы шығарылымының таралымы – **7 823.**
**Индексі – 64792.**

**Кезекші редактор: Ерзат АСЫЛ**